БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 158 (9476) | 1954 жылғы 10 август Сейсенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында 1-бет).
ЕГІН ЖЫЙНАУ, АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖҰМЫСТАРЫН ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРАЙЫҚ: **Ш. Қабдолов.**—Егін жыйнау, астық дайындау жұмыстары ұштастырыла жүргізіледі. **З. Қаскеев.**—Егін жыйнау жұмысындағы кемшіліктер тез жойылсын. **Б. Ақтанов.**—Астық—мемлекетке (1-бет).
ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: **Ш. Нұрымов.**— Партия ұйымының басшылығымен. **Д. Афанасьев.**— Ұйымшылдықпен басталды. (2-бет).
Ж. Нурпейісов. —Маскүнемдік пен бұзақылық.—жат қылық (2-бет).
ЖЕМІСТІ ДАЙЫНДАУ ҚАРҚЫНЫ БӘСЕҢДЕТІЛМЕСІН: **В. Иванов.**—Пішеншілердің социалистік жарысы (3-бет).
Ж. Пашенов. —Шоп жыйналмаған. (3-бет).
Ә. Мухаметов. —Өткен жылдың кемшілігін қайталамау үшін (3-бет).
ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ӘЗІРЛІК: **Д. Болатов.**—Үлгілі мектептерде. **А. Сапаров.**—Толық әзір (3-бет).
БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ: Тәжікстанның павильоны (3-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Қырман—астық үшін күрестегі шешуші участок

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының қарқыны барған сайын үдей түсуде. Егіншілеріміз күздік дақылдарды жаппай жыйнаумен қатар, кәзір жаздық бидайды да іріктеп оруға кіріскі. Дайындау пунктері мен элеваторларға колхоздар мен совхоздардың астық қырмандарынан күн сайын жүздеген центнер жаңа егіннің әстығы әкелінуде.

Егін жыйнау мен астық дайындау—ауылшаруашылық жылының ең жауапты кезеңі. Сондықтан да колхозшылар мен механизаторлар кәзіргі уақытта өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін елімізде астық молшылығын жасау күресіне аянбай жұмсауда. Бұл жауапты науқанның басталғанына санаулы ғана күндер өтсе де, көптеген механизаторлар, колхозшылар және совхоз жұмысшылары өздерінің жұмыс участоктерінде еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп, мемлекеттік тапсырмалардың мерзімінен бұрын мүлтіксіз орындалуына үлес қосуда.

Осындай аса жауапты міндетті орындау күресі күндерінде колхоздар мен совхоздардың астық қырмандарының маңызы онан сайын арта түседі. Мемлекетке астық тапсырудың графигін орындау және асыра орындау көбінесе астық қырмандарындағы жұмыстың тыңғылықты, жоғары қарқынды ұйымдастырылуына байланысты. Олай болса, комбайн агрегаттарының, транспорттың жұмысын жақсартумен қатар астық қырмандарының да бүгінгі талаптарға сай жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек.

Алғашқы күндердің тәжрибесі қырмандардағы негізгі жұмыстарды механикаландыру астық дайындау жоспарын орындауды неғұрлым тездетуге көмектесетіндігін көрсетіп отыр. Бұл жөнінде Октябрь ауданындағы «Щит» ауылшаруашылық артелін мысалға алуға болады. Аталған колхозда комбайн бункерінен түскен астық бірдей қырмандарға жеткізіледі де, қолма-қол тазартылады. Сөйтіп, көп кешіктірілмей дайындау орындарына жөнелтіліп отырады. Мұның өзі колхоздың күн сайын мемлекетке 2 мың путтан аса астық тапсыруына мүмкіншілік беріп отыр.

Міне, бұл қырмандарда астық тазалау, жөнелту жұмыстарын күні-түні бірдей жүргізудің, еңбекті көп керек ететін неғұрлым тездетуге көмектесетіндігін көрсетіп отыр. Бұл жөнінде Октябрь ауданындағы «Щит» ауылшаруашылық артелін мысалға алуға болады. Аталған колхозда комбайн бункерінен түскен астық бірдей қырмандарға жеткізіледі де, қолма-қол тазартылады. Сөйтіп, көп кешіктірілмей дайындау орындарына жөнелтіліп отырады. Мұның өзі колхоздың күн сайын мемлекетке 2 мың путтан аса астық тапсыруына мүмкіншілік беріп отыр.

Міне, бұл қырмандарда астық тазалау, жөнелту жұмыстарын күні-түні бірдей жүргізудің, еңбекті көп керек ететін неғұрлым тездетуге көмектесетіндігін көрсетіп отыр. Бұл жөнінде колхозды қамтыйтын Образцовая МТС-нің басшылары да кінәлі. Өйткені, олар осындай күрделі машиналардың жұмыска қосылуына нақтылы көмек көрсетпеді. Яғный,колхозға кажетті моторды осы күнге дейін жөнделуден өткізбеген. Оның үстіне колхоз басқармасы әлі күнге дейін қырманда жұмыс істейтін колхозшыларды да тұрақтандырмаған. Міне, осының барлығы «Еңбек» ауылшаруашылық артелінің мемлекетке бүгінге дейін астықты өте аз өткізуіне әкеліп соғып отыр.

Облыстың бірқатар колхоздарында быйылғы жылы жабық қырмандарды жаңадан салу керек болатын. Әсресе, кәзір—күзгі жауын-шашын кезінде жаңа астықты бұлдірмей, кезінде тазалап, жөнелту кажет болып отырған жағдайда, жабық қырмандарды көптеп салудың астық үшін күресте роль атқаратындығы мәлім. Солай бола тұрса да, жекелеген колхоздарда быйылғы жылы жаңадан бірде-бір қырман салынған жоқ. Бұл жөнінде Совет ауданындағы «Аралағаш» ауылшаруашылық артелін мысалға алуға болады.

Колхоздың егіс бригадаларында быйыл жаңадан 4 қырман салу жоспарланды. Алайда, колхоз басқармасы бұл мәселемен кезінде шұғылданбады. Соның салдарынан жаңа астық тау-тау болып далада үйіліп жатыр. Колхозда қолда бар сортировкалар жөнделмеген, вейлкалар жетіспейді. Бұған Совет МТС-нің басшылары да (директоры Лымарь жолдас) жауапты. Өйткені, МТС астық тазалау, кептіру жұмыстарыч ұйымдастыру жөнінде ауылшаруашылық артеліне нақтылы көмек көрсеткен жоқ.

Аталған ауылшаруашылық артелінде астықтың егіндік алаңдарда үйіліп жатқанына мүлдем төзуге болмайды. Егін жыйнау кезінде жасалған жұмыс жоспары бойынша колхоз комбайннан астық тасуға 25 көлік бөлуге тиіс еді. Бірақ, жоспардың бұл пункті де орындалып отырған жоқ. Астық тасуға бөлінген 12 көліктің өзі түгел жұмыс істемейді. Өйткені, жәшік, немесе арба жетіспеуі сияқты төзгісіз кемшіліктер әлі жойылған жоқ. Олай болса, колхоздың мемлекетке астық тапсыруға күнбе- күн қатыса алмауы кекен саяқ іс емес.

Бірқатар жерлерде дайындау пункттері мен элеваторларға астық тасыйтын транспорттардың кезінде тиелмеуі салдарынан

ЕГІН ЖЫЙНАУ, АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖҰМЫСТАРЫН ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРАЙЫҚ!



СУРЕТТЕ: Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозының комбайншысы **Харушин** егін орып жүр.
Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Егін жыйнау, астық дайындау жұмыстары ұштастырыла жүргізіледі

Чапаев атындағы колхоздың колхозшылары (Петропавл ауданы) Асанов МТС-нің механизаторларымен жұмысты тығыз ынтымақтаса істей отырып, егін жыйнау, бастырылған астықты тазалау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын бір-

Егін жыйнау жұмысындағы кемшіліктер тез жойылсын

Ленин ауданындағы «Еңбек» колхозының егін жыйнауға кіріскеніне екі апта-ға жуық уақыт өтті. Бірақ, бұл жұмыс жолға қойылмай келеді.

Алдымен, егін жыйнауда жүрген комбайн агрегаттарын қамтудың жайы өте-мате[illegible] ақ рет атүсті келіп кетті. МТС басшылары трактор бригадаларында өте сирек болуы себепті ондағы нақтылы жағдаймен жете таныс емес. Сондықтан бригадада, әсресе, комбайн агрегаттарының жұмысында орын алып отырған кемшіліктерді

Халықтық демократия елдерінде

Румынияның металлургия және машина жасау өнеркәсібінің өркендеуі

БУХАРЕСТ, 5 август. (СОТА). Бұрын Румыния артта қалған ауылшаруашылықты ел еді. Оның қара металлургиясының базасы жабдықтары ескірген бірнеше ұсақ кәсіпорындар болатын. Болат өндірудің ең жоғары дәрежесі жылына 155 мың тоннадан аспайтын. Машина жасау өндірісі мүлдем дерлік болмайтын. Қажетті станоктардың 99 проценті шетелдерден әкелінетін.

Совет Армиясы Румынияны азат еткеннен кейінгі жаңа тұрмыстың он жылы ішінде жұмысшы табының қажырлы еңбегі және Совет Одағының үнемі көрсетіп отырған адал көмегі арқасында ауыр өнеркәсіпті, әсресе машина жасауды өркендетуде елеулі табыстарға қол жетті. Қара металлургия кәсіпорындары қайта жаңартылып, кеңейтілді. Жаңа домналар мен болат қорытатын пештер салынды. Мысалы, Хуредоардағы Георгиу-Деж атындағы металлургия комбинатының 1952 жылдың аяғында пайдалануға берілген № 6 домнасының қуаты бұрынғы домна пештерінің қуатынан көп артық.

Румынияда арнаулы болаттар, оның ішінде шарикоподшипниктер, қашаулар және басқа бұрғылау жабдықтарын жасайтын болаттар өндіріледі.

Халықтық -демократиялық құрылыс жылдарында жасалған машина жасау өнеркәсібі үздіксіз өсуде. Бухарестегі 23 август атындағы және Матиас Ракоши атындағы машина жасау заводтары, Арад қаласындағы Иосиф Рангец атындағы станок жасау заводы, Молдовтағы шарикоподшипник заводы және басқалары жаңадан салынды немесе едәуір кеңейтілді.

Ауылшаруашылық машиналарын жасауды өркендетуге зор маңыз берілін отыр. Румыниядағы халықтық өкмет жылдарында Сталин қаласында трактор заводы ауылшаруашылық машиналарын жасайтын Бухаресте Тудор Владимиреску атындағы және «Семэнетоаря», Крайовта 7 ноябрь атындағы заводтар, Синай мен Романда және басқа қалаларда запас бөлшектер мен ұсақ ауылшаруашылық құ-

гізгі жұмыстарды механикаландырудың нәтижесі. Алғашқы күндерден бастап жұмысты бұлай ұйымдастыру колхоздың мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын кезінде орындап шығуына көмектесетіндігі сөзсіз.

Бірақ, колхоздардың, совхоздар мен МТС-тердің басшылары барлық жерде бірдей қырмандардағы жұмысты үлгілі ұйым дастыруға жете көңіл бөлмей отыр. Бұл жөнінде Ленин және Совет аудандарының колхоздары мен совхоздарын мысалға алуға болады.

Ленин ауданындағы «Еңбек» ауылшаруашылық артелінің (председателі Үмітбаев жолдас) қырмандарында кәзіргі уақытта жаңа егіннің 700 центнерге жуық астығы жатыр. Егер колхоз басқармасы астық тазалау және оны тасымалдау жұмыстарына ерте бастан әзірленген болса, қырмандарда жаңа егін астығының мұндай көп мөлшерде іріктелін калуына жол берілмеген болар еді. Бұл колхозда мынадай тәзгісіз жағдайды кездестіруге болады: егіс бригадаларының бірде-бірінде быйылғы жылы жабық қырмандар жасалмаған. Осының салдарынан комбайннан түскен астық әлі күнге дейін ашық аспанның астында жатыр. Егер аталған колхозда қолда бар астық тазартатын машиналар толық қуатымен іске қосылған болса, астық тапсырудың күндік және бескүндік тапсырмаларын осы бастан ойдағыдай орындауға мүмкіншілік туған болар еді.

Колхозда бір зернопульт және механикаландырылған веялка бар. Оларды іске қосу—сағатына кем дегенде 70 центнер күндік және бескүндік графиктердің орындалуына елеулі нұқсан келіп жүр. Мысалға Приешім ауданындағы Ворошилов атындағы колхозды алайық. Әдетте мұнда қырмандағы жұмыс таңертеңгі сағат 10-11 кезінде басталады. Оның үстіне астық тазалайтын машиналардың жұмыс істегенінен бос тұрғаны көп. Астық төбесі жөнделмеген жабылмаған қырмандарда сақталады. Тазалау сапасы нашар. Сондықтан да бұрнағы күні бұл колхоздың Петропавл элеваторына жөнелткен 2 машина астығы қабылданбай қайтарылды.

Қырмандардағы жұмыстардың табысты болуы адамдарға байланысты екені мәлім. Олар техника қуатын сарқа пайдалану жолындағы социалистік жарысты мейлінше өрістетіп, еңбектің жоғары көрсеткіштеріне ие болуға тиіс. Міне, бұл күрестің ұйымдастыруда бастауыш партия ұйымдары негізгі роль атқарады. Қырмандарда тұрақты жұмыс істеуге коммунистер мен комсомолдерді жіберу, астық тазартушылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістету керек. Сонда ғана астық үшін күрестің шешуші участогі—қырмандағы жұмысты бүгін таңдағы талаптарға сай жүргізуге болады.

Егер қырмандарда жұмыс істейтін колхозшылар арасында еңбек өнімділігін есеп арттыру жолындағы күрес пәрменді ұйымдастырылған болса, онда жаңа егіннің астығы қырмандарда бөгелмей, кезінде дайындау пункттеріне жөнелтіліп отыратын болады. Ал, мұның өзі мемлекетке астық тапсыру жоспарын мүлтіксіз орындаудың бірден-бір кепілі.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында

Қалалық және селолық құрылыстарды жақсарту мақсатымен, ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы ССРО Министрлер Советі табыс етуі бойынша одақтық, республикалық ССРО Қалалық және селолық құрылыс министрлігін құрды.

ССРО Қалалық және селолық құрылыс министрлігіне мыналар жүктеледі: қалаларда тұрғын үйлер, мектептер, ауруханалар және басқа мәдени-тұрмыстық және қоғамдық үйлер, коммуналдық кәсіпорындар мен құрылыстар салу және олардың жобаларын жасау, селолық жерлерде машина- трактор станцияларын, совхоздар, жөндеу заводтарын, селолық электр станциялар, мектептер, ауруханалар және басқа мемлекеттік мәдени- тұрмыстық, қоғамдық үйлер мен құрылыстар салу және олардың жобаларын жасау; құрылыс жөнінде колхоздарға практикалық көмек көрсету.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы РСФСР-дың, Украин ССР-інің, Белорус ССР-інің, Өзбек ССР-інің, Қазақ ССР-інің, Грузин ССР-інің, Азербайжан ССР-інің, Молдаван ССР-інің, Латыш ССР-інің, Тәжік ССР-інің, Армян ССР-інің, Түркмен ССР-інің, Эстон ССР-інің азаматтық тұрғын үй құрылыс министрліктерін, Литван ССР-інің Құрылыс министрлігін тиісті республикаларда одақтық- республикалық Қалалық және селолық құрылыс министрлігі етіп қайта құруды және Қырғыз ССР одақтық- республикалық Қырғыз ССР Қалалық және селолық құрылыс министрлігін құруды қажет деп тапты.

ССРО Министрлер Советі бекіткен тізім бойынша одақтас республикалардың Азаматтық-құрылыс министрліктерінің, Литван ССР-і Құрылыс министрлігінің, Қырғыз ССР-і коммуналдық шаруашылық және азаматтың тұрғын үй құрылысы министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің, ССРО Совхоздар министрлігінің және одақтас республикалардың Министрлер Советтері жанындағы колхоздардағы құрылыс жөніндегі Жоғарғы басқармалардың ұйымдары мен кәсіпорындары ССРО Қалалық және селолық құрылыс министрлігіне берілді.

ССРО Қалалық және селолық құрылыс министрі болып Иван Корнилович **Козюля** жолдас тағайындалды.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы ССРО Министрлер Советінің табыс етуі бойынша ССРО Қатынас жолдары министрлігі мен ССРО Теңіз және өзен флоты министрлігінің құрылыс ұйымдары мен кәсіпорындарының негізінде жалпы одақтық ССРО Транспорт құрылысы министрлігін (Минтрансстрой) құрды.

ССРО Транспорт құрылысы министрлігіне ССРО Министрлер Советі бекіткен тізім бойынша құрылыс ұйымдары мен кәсіпорындары берілді.

ССРО Транспорт құрылысы министрі болып Евгений Федорович **Кожевников** жолдас тағайындалды.

Қарқын күшейе түсуде

Ленин ауданындағы «Новый путь» ауылшаруашылық артелінің мүшелері быйыл егіс көлемін өткен жылдағыдан едәуір ұлғайтты. Егіс жұмыстарының агротехникалық ережелерге сәйкес қолайлы мерзімде өткізілуі егіннің шығымы жақсы болуына негізгі себеп болды.

Кәзіргі уақытта колхозшылар және осы колхозды қамтыйтын Образцовый МТС-нің механизаторлары егін жыйнау жұмысының қарқынын күннен- күнге күшейте түсуде. № 4 трактор бригадасындағы комбайншылар Галкин, Боев жолдастар комбайндардың қуатын жұмысқа толық пайдалану арқылы егін оруда күнделік жұмыс тапсырмаларын үнемі артығымен орындап келеді. Колхозда 200 гектардан астам егін орылды.

Бастырылған астық дереу тазартылып, кептірілуде. Колхоз ауданда бірінші болып астық пунктіне 82 центнер астық тапсырды. Мұнда мемлекетке астық тапсыру қарқыны барған сайын күшеюде.

К. СЕРОВ.

орімен ұштастыра жүргізуде.

Комбайншы М. Шарф жолдастың басқаруындағы комбайн агрегатының мүшелері өздерінің қажырлы еңбегімен колхозшы- шаруалардың зор құрметіне бөленген. Агрегат мүшелері егін жыйнау басталғалы тоқтаусыз жұмыс істеп, жұмыс тапсырмаларын үнемі артығымен орындайды. Олар бір «Сталинец—6» комбайнымен күніне 12 гектар орнына, 20—21 гектар егін жыйнап жүр. Кәзірдің өзінде агрегат мүшелері 135 гектар күздік егінді жыйнап, 1500 центнерге жуық астық бастырды. Олар орта есеппен егіннің әрбір гектарынан 11 центнерден өнім жыйнады.

Комбайн агрегатының тоқтаусыз жұмыс істеуін комбайн мен трактора техникалық күтімнің уақытылы жүргізілуінен, агрегат мүшелерінің қажырлы еңбек етулерінен деп түсіну керек. Тракторшы Фризин жолдас әр уақытта трактордың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, комбайнның өнімді еңбек етуіне мүмкіндік беріп келеді.

Колхозшылар бастырылған астықты тазарту жұмысын тыңғылықты жүргізуде. Колхозшы әйелдер Емельяненко, Найтл және Фикс жолдастар күніне 60 центнер астық тазалаудың орнына, 90—120 центнерге дейін астық тазартады.

Колхозда тазартылып, кептірілген астық дереу қабылдау пункттеріне жөнелтілуде. Мұнда соңғы үш күнде мемлекетке 1200 пұт астық тапсырылды. Бұл жұмыста шофер Я. Кадиев жолдас ерекше көзге түсуде. Ол тәулігіне қабылдау пунктіне 5—6 рет астық жеткізеді.

Бұл колхоздың колхозшылары мен МТС механизаторлары еңбек қарқынын күннен -күнге күшейте отырып, егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарында жаңа табыстарға жете бермек. Сөйтіп, егіннің ысрапсыз жыйналуын және астық дайындау жоспарының мерзімінде толық орындалуын қамтамасыз етеді.

Ш. ҚАБДОЛОВ.

комбайнымен жұмыс істейтін комбайншы Жақыпов жолдас басқаратын агрегатқа тұрақты сабан шөмелелеуші белгіленбеген. Сондықтан колхоз басшылары бұл агрегатқа сабан шөмелелеушіге күн сайын жаңа адам жібереді. Ал, оны іздеп тауып, агрегатқа жібергенге дейін комбайн көп уақыт босқа қарап тұрып қалады. Мұның өзі агрегаттың күндік жұмыс өнімділігінің төмен болуына, жұмыс уақытының дұрыс пайдаланылмауына әкеліп соғып жүр. Осы сыяқты, колхоз даласында егін жыйнап жүрген басқа да комбайн агрегаттарын қамту ісі нашар ұйымдастырылып келеді.

Колхозда егін жыйнау жұмыстарының жоспары жасалып бекітілмеген. Комбайн агрегаттарының егін жыйнайтын учаскелері, олардың маршруттары белгіленбеген. Кәзір үш «Сталинец—6», бір өздігінен жүретін «С—4» комбайндары жұмысты бір учаскеде істейді. Ол агрегаттардың қайсысы күніне қанша жердің егінін жыйнайтыны нақтылы есептелін бейді. Мұның өзі комбайншыларды еңбек өнімділігін арттыру үшін ынталандыруға бөгет жасап келеді. Комбайн агрегаттарын жұмысқа өнімді пайдалану ісінің бетімен жіберілуінің салдарынан ол агрегаттардың біреуі де күндік тапсырманы толық орындамайды. Сондықтан үш «Сталинец—6», бір өздігінен жүретін «С—4» комбайндарымен екі бескүндікте небары 140 гектар ғана егін жыйналған. Комбайншылар Саденов, Жақыпов жолдастар агрегатты қамту ісіндегі кемшіліктерді шұғыл жойып, комбайнның күн сайын өнімді жұмыс істеуіне жағдай тұғызу жөнінде колхоз председателі Үмітбаев жолдасқа орынды талаптар қойып-ақ келеді. Бірақ Үмітбаев жолдас бұл талаптарды орындаудың шараларын жүзеге асыруға шындап кіріспей отыр. Ол олма, колхоз председателі «әлі егін пісіп болған жоқ, егін тегіс пісін, жұмыс қыза келе кемшіліктер жойылады ғой» деген зыянды пікірдің шырмауынан шыға алмаған көрінеді.

Егін жыйнау басталғаннан бері бұл колхоздағы трактор бригадасында Образцовая МТС-нің директоры Корнев жолдас болған да емес. Сол сыяқты, МТС механигі Ластовет жолдас та мұнда небары бір-

шұғыл жолға баспылық етпейді.

Колхозда бастырылған астықты қабылдау және тазарту жұмыстары да өте қанағаттанғысыз жүргізілуде. Бұл жұмысқа 2 жабық қырман керек болса, оның біреуі де толық әзірленбеген. Қырманда бір астық пулті, бір механикаландырылған веялка бар. Бірақ, оларды жүргізетін двигательдердің толық жөнделмеуінен, астық тазалауға тұрақты адамдардың жеткілікті мөлшерде бөлінбеуінен олардың қуаты толық пайдаланылмайды. Қырманға түскен 500 центнер қара бидай, 100 центнер бидайық және 50 центнердей жаздық бидай тазартылмастан жатыр. Керек десе таразының болмауы себепті комбайннан әкелінген астық өлшенбестен қабылданады.

Егін жыйнау мен астық дайындауда өрескел кемшіліктердің болуына жол берілуінің тағы бір себебі —егіншілер арасындағы үгіт- бұқаралық жұмыстарының өз дәрежесінде жүргізілмеуінде болып отыр. Мұнда комбайншылардың және басқа егіншілердің өзара социалистік жарысы шын мәнінде ұйымдастырылмаған. Колхоз партия ұйымының секретары Нұрғалиев жолдас егіншілер арасында жұмыс істейтін үгітшілер тобын тағайындау, олардың міндеттерін белгілеу, жұмыстың алғашқы күнінен бастап жауынгерлік листоктар шығару, көрсеткіш тақталарды іске қосу жұмыстарын мүлдем естен шығарған. Тіпті, Нұрғалиев жолдастың егін орағы басталғаннан бері егіншілердің арасында бір ретте болмауы қынжылдырлық жағдай.

Егін жыйнау —маусымды жұмыс. Ол ұзаққа созуды көтермейді. Сондықтан «Еңбек» колхозының басшылары болып келген кемшіліктерден нақтылы қорытынды шығарып, егінді жыйнау, бастырылған астықты дұрыс есепке алу, оны кептіру, тазарту, дайындау пунктіне, колхоз қоймасына жөнелту жұмыстарын үлгілі жүргізуге жаңды басшылық жасауға міндетті. Ал, Образцовая МТС-нің басшылары мен колхоз, МТС партия ұйымдары егін жыйнауды ойдағыдай өткізу ісінде шын мәніндегі ұйымдастырушылар бола білулері керек.

З. ҚАСКЕЕВ,
ЯВЛЕНКА. (Арнаулы тілшіміз).

АСТЫҚ—МЕМЛЕКЕТКЕ

«Щит» колхозының (Октябрь ауданы) егіншілері егін жыйнау мен астық дайындау жұмысының қарқынын күн сайын күшейте түсіп келеді. Механизаторлар күздік қара бидайды жыйнау жұмысын өте қысқа мерзімде өткізді. «Сталинец—6» комбайнымен жұмыс істейтін орденді комбайншы Иван Таранко жолдас күн сайын 25—27 гектар егін жыйнап жүр. Ол 6 жұмыс күні ішінде 160 гектар егін жыйнап, жүздеген центнер астық бастырды. Таранко жолдас басқарған агрегат күн сайын таңертеңгі сағат 6-дан кешкі 10-ға дейін тоқтаусыз жұмыс істейді.

Колхоздың егіс бригадасының бригадирі Марьенко жолдас комбайн агрегаттарын қамту ісін жақсы ұйымдастырып, комбайншылардың өнімді еңбек етуіне жағдай тұғызумен қатар, қырманда астық тазарту, кептіру, оны мемлекеттік дайындау пункттеріне жөнелту жұмысын ойдағыдай жүргізіп келеді. Ол астық тазартудағы колхозшыларды керекті құралсаймандармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етті, сонымен бірге олардың сменалық, күндік тапсырмаларды үнемі орындап отыруды қатаң талап етіп және қадағалап отырады. Сондықтан мұнда комбайннан қырманға келіп түскен астық қолма- қол тазартылып отырылады.

Соңғы бір күн ішінде дайындау пунктіне 260 центнер астық тапсырылды. Бұл жұмыстағы шофер Николай Воробьев жолдас күніне кемінде 600 тонна- километр жол жүреді.

Колхоз егіншілері алғашқы бастырылған 8 машина астықты сапалы тазартып және кептіріп, Петропавл элеваторына тапсырды.

Б. АҚТАНОВ.

Үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығына арналған машиналар 1953 жылғыдан 40 процент көп шығарылады.

Румын Халық Республикасы кәзіргі уақытта мұнай, тау-кен және құрылыс жабдықтарын, станоктар, тракторлар, ауылшаруашылық машиналарын, электр моторларын, гурбиналар, шарикоподшипниктер, өнеркәсін қондырғыларын, тоқыма және тамақ өнеркәсібіне арналған жабдықтар шығарады. Румынияның машина жасау өнеркәсібі соңғы үш жылда машиналар мен механизмдердің 150-ден аса жаңа түрін жасап шығарды. Технологиялық процесті жетілдірудің нәтижесінде өнімнің өзіндік құны үнемі кеміп келеді.

Машина жасау өнеркәсібі өндірістің қарқынын жылдан жылға күшейтуде. 1949 жылмен салыстырғанда металл өңдейтін станоктар жасау 20 есе, перфораторлар құлату балғаларын жасау 8 есе арттырылды, тракторлар жасау 1948 жылғыдан алты еседен аса көбейді.

Румын Халық Республикасы басқа елдерге мұнай жабдықтарын, тракторлар, станоктардың кейбір түрлерін, электротехникалық жабдықтар және басқа машина жасау өнеркәсібінің өнімдерін шығаруға мүмкіндігі бар елге айналды.

ГДР ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ССРО ҮКМЕТІНЕ АЛҒЫС АЙТУДА

БЕРЛИН, 8 август. (СОТА). Совет Үкметінің Германиядағы Советтік соғыс әкімшілі мен Советтік бақылау комиссиясының бұйрығын өзгерту туралы алған шешімін ГДР жұртшылығы үлкен ризашылықпен қарсы алуда. 7 август күні Берлиннің көптеген мекемелерінде осыған байланысты митингтер мен әңгімелер өткізілді.

Берлиннің Карл Либкнехт атындағы ең ірі трансформатор заводының жұмысшылары мен қызметкерлерінің митингісінде қабылданған қарарында былай делінген:

Совет Үкметі біздің мемлекетімізді суверенді ұлт деп қарап отырған кезде, Америка оккупанттары мен оның Батыс Германиялық қолшоқпарлары біздің Батыс Германиядағы туысқан аға- іні және апақарындастарымызды өмірлік еркінен айыруда.

ҚЫТАЙДА САУАТСЫЗДЫҚТЫҢ ЖОЙЫЛУЫ

ПЕКИН, 7 август. (СОТА). «Гуанминьжибао» газетінің берген хабарына қарағанда, кеше Пекинде шаруалардың оқуы туралы бірінші Бүкілқытайлық конференция ашылған. Бұл ҚХР-дің Орталық халық үкметінің жанындағы оқу ағарту министрлігі мен сауатсыздықты жою комиссиясы арқылы шақырылған. Конференция бұл салада өткен жылдардағы істелген жұмыстарды қорытындылайды және алдағы күндерге нақтылы міндеттер белгілейді.

Конференцияда сөйлеуші сауатсыздықты жою жөніндегі комиссияның председателі Чу Ту-нань өткен жылы үздіксіз оқуға 12 миллион шаруалардың қамтылғанын атап көрсетті. Бұдан басқа, көптеген шаруалар қысқы мектептерде оқып, өздерінің сауатсыздықтарын жойды.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия ұйымының басшылығымен

Қаладағы Сталин атындағы кәсіпшілік артелі партия ұйымының есебінде 10 коммунист бар. Әрбір коммунист партия ұйымы мен артель басқармасының ұйғаруы бойынша өндірістің ең жауапты участоктеріне бөлінген. Коммунистерден партияда жоқ активтерге сүйене отырып, өз участоктерінде еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту, сөйтіп, әрбір жұмысшының сменалық тапсырмасын мерзімінде және асыра орындауына жетісуін қамтамасыз ету талап етіледі.

Артель партия ұйымы, оның секретары А. Литвинова жолдас өз жұмысында комсомол, кәсіподақ ұйымдарына сүйенеді. Партия ұйымы партияда жоқ активтерді өзінің төңірегіне топтастыру арқылы артельдің айлық, жылдық жоспарын мерзімінде орындап, оның еңбекшілерге сапалы, сәнді аяқкиімдер тігуін ұйымдастырады.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар өндірісін ұлғайту және олардың сапасын жақсарту туралы» қаулысы былғары аяқкиім өнеркәсібі қызметкерлерінің алдына былғары-аяқкиімі өнімдерінің сапасын жақсартып, оның ассортиментін ұлғайту керек екенін атап көрсетті. Таяудағы екі жылдың ішінде мәнерлі аяққиім 2 есе, сырланған былғарыдан, замшадан және ақ шевродан аяққиім тігуді 3 еседен аса арттыру, жұмсақ былғарыдан етік, ер балалар мен қыз балалардың былғары ұлтанды аяққиімдерін, сонымен қатар жазда киетін жеңіл аяққиім тігуді едәуір арттыру міндетін қойды.

Партия ұйымы артель басқармасымен бірлесе отырып, партия мен үкмет алға қойған бұл міндеттерді жүзеге асыру шараларын белгіледі. Коллектив СССР Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар өндірісін ұлғайту және олардың сапасын жақсарту туралы қаулысын бірауыздан мақұлдап, оған жауап ретінде өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Артель коллективі өздерінің күш-мүмкіншіліктерін жан-жақты есептей отырып, осы жылдың 5 декабріне, Советтік Конституция күніне дейін жылдық жоспарды орындауға, қалған уақыт ішінде жоспардан тыс өнім беруге міндеттенді. Мұнымен бірге, коллектив 10 мың сомның 20 мың дециметр товарын үнемдеуді ұйғарды. Жұмысшылардың жалпы жиналысында бұл міндеттемелер талқыланып, бірауыздан қабылданды.

Бұдан кейін партия ұйымы әрбір цехтың, әрбір бригаданың және жеке жұмысшылардың социалистік жарысқа ұштасып, көтеріңкі міндеттемелер қабылдауын қамтамасыз етті. Ай сайын жарыстың барысын, социалистік міндеттемелердің орындалуын қорытындылауды ұйымдастырды. Социалистік жарыстың қорытындысы бригаданың, цехтың жиналыстарында талқыланды.

саяси жұмысты кеңінен өрістетті. Бұл үшін ең алдымен қолынан іс келетін, тәжрибелі, білімді ұйтшілер іріктелініп алынды. Қазіргі артельдегі 11 ұйтшінің 5-уі коммунист, ал, қалған 6-уы комсомолцетер.

Партия ұйымының секретары А. Литвинова жолдас ұйтшілермен апта сайын семинар- кеңестерін өткізеді. Семинарда баяндама жасау күн ілгері партия ұйымының ұйғаруы бойынша белгілі- бір коммунистке, не жоғары, орта білімі бар мамандарға жүктеледі.

Ұйтшілер цех бастықтарымен, бригадирлермен бірлесе отырып, цехаралық, бригадааралық және жеке жұмысшылардың арасындағы социалистік жарыстың нәтижесін қорытындылайды. Әрбір жұмысшының сменалық тапсырмасын қалай орындағанын күн сайын көрсеткіш тақтаға түсіреді.

Бастауыш партия ұйымы қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктардың үзбей шығып отыруына да баса көңіл бөлуде. Әрбір цехта қабырға газеті және жауынгерлік листоктар шығарылады. Қабырға газеттері редколлегиясының жұмысын басқару партия ұйымы секретарының орынбасары Я. Зуйков жолдаска тапсырылған. Ол артель партия ұйымы мен басқарманың органы —«Сталинец» қабырға газетінің редакторы болып істейді. Зуйков жолдас қабырға газетінің редакторларымен кеңестер өткізіп, онда газет бетінде қандай мәселелерге көбірек көңіл бөлу керектігін ескертіп отырады.

Қабырға газеттерінде «Еңбек озаттарының қатарына теңелейік» деген рубрикамен озаттардың жұмыс ұлгілері насихатталады. Жақында «Сталинец» қабырға газетінде коммунист Д. Филиппенко жолдас басқаратын № 9 цехтың еңбек озаты Ш. Исеев жолдастың мақаласы жарияланды. Онда пішуші Исеев жартыжылдық жоспарды 298,8 процент етіп орындауға өзінің қалай жетіскені жөнінде айтып, жұмыс тәжрибесін ортаға салыпты.

Артельде Исеев сияқты еңбек озаттары көптеп саналады. Артель бойынша 62 адам сменалық, айлық, жылдық тапсырмаларын үнемі асыра орындауда. Олардың ішінде жартыжылдық тапсырмаларын 252,5 процент орындаған комсомолец-мастер М. Журба, 230,1 процент орындаған мастер И. Сахно, 180,4 процент орындаған 60 жастан асқан карт мастер В. Щур және басқалары бар.

Партия ұйымы артель басқармасымен, кәсіподақ, комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, арнаулы комиссия құрды. Бұл комиссия бригадалардың арасындағы социалистік жарысты қорытындылап, жарыста озған, сапалы өнім берген бригадаларға мінсіз сапалы өнім шығару бригадасы атағын береді. Бұл күндері артельде мінсіз сапалы өнім шығаратын 3 бригада бар. Олардың бірі Н. Байбжкова жолдас басқарған бригада. Бригада айлық жоспарын үнемі 230-235 процентпен орындап

ский, Плисовицких жолдастардың мінсіз сапалы өнім шығаратын бригадалары да сменалық, айлық тапсырмаларын үнемі 140-150 проценттен орындауда. Бұлардан басқа мінсіз сапалы өнім шығаратын бригада атағын алу үшін күресуші 5 бригада бар.

Бұл артель қаладағы «Бірінші май» кәсіпшілік артелімен социалистік жарысқа түскен. Екі артельдің арасындағы социалистік жарыстың барысы артель өкілдерінің қатысуымен тексеріледі. Артельдер бір-біріне жұмыс үстінде көмектесіп, үнемі тәжрибе ауыстырып отырады.

Артельде жұмысшылардың техникалық оқуы ұйымдастырылған. Онда артельдің бақылау мастері В. Ермолович, партия ұйымының секретары А. Литвинова жолдастар лекция оқыйды. Быйыл артель жанындағы жұмысшылардың техникалық курсын 40 адам бітіріп шықты.

Партия ұйымы артель басқармасының жұмысына бақылау жасап, оған бағыт беріп отырады. Партия жиналыстарында артель председатели А. Миненкова жолдастың есебі, артельдің финанс-шаруашылық жұмысы, социалистік жарыстың барысы және алынған міндеттемелердің орындалуы жөнінде бүгінгі күннің талабынан туған актуалды мәселелер талқыланып тұрады. Партия ұйымы, оның секретары Литвинова жолдас алынған қаулылардың орындалуын ұлғілі ұйымдастыруға да жете көңіл бөліп отырады.

Артельде бұқаралық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарының айтарлықтай жүргізілуі шаруашылық жұмыстарын ілгері бастыруға үлкен әсерін тигізуде. Артель коллективі жартыжылдық жоспарды 110,2 процент, ал, екінші тоқсанның жоспарын 120 процент етіп орындады. Осы жылдың июль айында 310 мың сомның орнына, 330 мың сомның өнімін берді. Сөйтіп, мемлекетке 293640 сом пайда келтірді.

Дегенмен, партия ұйымының жұмысында әлі де болса бірқатар кемшіліктер орын алып келеді. Партия ұйымы еңбек озаттарының тәжрибесін насихаттауды тиісті дәрежеде ұйымдастыра алмай отыр. Партия ұйымы мен артель басқармасы еңбек озаттарының слётін өткізуді ұйғарған еді. Слётті өткізуді ұйымдастыру артельдің техноругі, коммунист Счастный жолдасқа жүктелген болатын. Бірақ, Счастный жолдас күні осы уақытқа дейін ол слётті өткізген жоқ.

Мұнымен бірге, бастауыш партия ұйымы артель жұмысшыларының жұмыстан бос уақытында мәдениетті дем алуына қолайлы жағдай туыза алмай отыр. Артельде күні осы уақытқа дейін клуб үйі жоқ. Жұмысшылар арасындағы еңбекті ұйымдастыруда едәуір кемшіліктер бар.

Бастауыш партия ұйымы өз жұмысындағы кемшіліктерді іс үстінде түзеп, бұқаралық- саяси және ұйымдастыру жұмыстарын одан сайын жақсарту арқылы артель коллективін жаңа еңбек табыстарына жұмылдыра береді. Сөйтіп, сонау

Украина ССР-1. Закарпат облысының қалалары мен селоларында арнаулы магазиндер жүйесі жыл сайын көбейе түсуде. Тек 1953 жылдың өзінде ғана облыста аяқкиім, мата, тігулі киімдер, ыдыстар, шаруашылық және құрылыс материалдарын сататын 25 жаңа магазин ашылды. Свалявск ауданындағы Керецк селосында өткен жылдың аяқ кезінде көптеген түрлі бұйымдары бар шаруашылыққа қажетті ыдыстар сататын магазин ашылды. Кәзір облыста 375 арнаулы магазиндер жұмыс істейді.

СУРЕТТЕ: Керецкідегі шаруашылыққа қажетті ыдыстар сататын магазин. «Память Ильича» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары А. В. Буркуш (солжақта) пен М. И. Чомоний ыдыстар сатып алып тұр.

Суретті түсірген **Л. Ковган.**
(СОТА-ның фотохроникасы).

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысу правосын алу үшін

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Жетісудың барлық МТС-тері егін оруда. Жүздеген механизаторлар күнделікті тапсырмаларын асыра орындап, көптеген астық бастыруда.

Жаркент МТС-інің атақты комбайншысы Гуденко «Сталинец-6» комбайнымен 11 жұмыс күні ішінде Каганович атындағы колхозда 260 гектар егін жыйнап, 5.200 центнер астық бастырды. Механизатор көрмеге қатысу правосын алу үшін соңғы күндерде жұмыс өнімділігін тағы да 4 гектар арттырды. Комсомолец Николай Гуденко 10 күннің ішінде 170 гектар егін жыйнап, 3.600 центнердей астық бастырды.

Үштөбе МТС-інің комбайншылары Гайворонский, Никитин, Хан Ха Сун егін орағының алғашқы күндерінде 30—35 гектардан егін жыйнады. Көрмеге қатысу правосын алу жолындағы жарысқа қосылып, олар түнде де жұмыс істейді. Мұның нәтижесінде тәуліктік еңбек өнімділігі 45 гектарға дейін жетті.

АКТӨБЕ. (ҚазТАГ).

Маскүнемдік пен бұзақылық — жат қылық

Маскүнемдік пен бұзақылық — капитализмнің адам санасындағы ең жиіркенішті және ең жексұрын қалдықтарының бірі. Маскүнемдікке, немесе бұзақылыққа бой ұрған адам ең алдымен өзінің рухани дүниесіндегі адамгершілік қасиеттерінен айырылып, қоғамдық тұрмыстың кеселді элементіне айналады. Сөйтіп, қылмысты істерге бой ұратын, өз семьясын бұзатын, соқыр сезімді, сұркия халдегі адам дәрежесіне дейін барады.

Маскүнемдік пен бұзақылық сияқты жат қылықтар әлі де болса біздің арамыздағы санасы төмен кейбір адамдарда кездеседі. Ақылынан адаса арақ ішіп, ең жиіркенішті сезімнің құшағында болып, қоғамдық жерлерде, көшелерде, сазды батпақта аунап жататын, не болмаса, балағат сөздермен бейбіт өтіп бара жатқан адамдарға тиісетін кейбір жекелеген маскүнемдер мен бұзақылар әлі де болса бар. Бұл сияқты адамгершіліктен азып бара жатқан адамдармен, қоғамдық өмірге өте зиянды жат қылықтармен күресу —әрбір совет азаматының міндеті.

Маскүнемдік қандай адамды болса да рухани жағынан аздырып, бейшаралық халге жеткізеді. Сонымен бірге, мұның өзі сол адамның еңбектегі, үйдегі өміріне де керісінше әсерін тигізеді. Маскүнемдікке бой ұрған адамдардың қылмысты іске ұрынбайтындары кемде-кем. Сол сияқты, оның семья тұрмысы да бұзылады. Бұған мысал ретінде мына фактіні айтып өтуге болады. Петропавл вагон депосының жұмысшысы Евгений Котельников бір кезде өз жұмысына жауапты қарайтын, алдыңғы қатарлы жұмысшының бірі болатын. Күнделік нормасын асыра орындау, жолдастарымен жақсы қатынаста болу, социалистік мүлікті ұқыпты сақтау —оның жақсы қасиеттерінің бірі еді. Бірақ, ол соңғы кезде кейбір қаранғы адамдардың ықпалымен маскүнемдік жолына түскен. Бұл жағдай оның өндірістегі еңбегіне керісінше әсерін тигізді. Ол өзінің жолдастарынан бөлектене бастады. Жұмысқа кешігіп, не болмаса мас болып келу, кеңшіліктерін сынаған жолдастарының бетін қатты сөзбен қайтарып тастау —оның ендігі жердегі әдетіне айналды. Бірақ, депо комсомол ұйымы бұрынғы ұлгілі комсомолецтің бұл мінезіне деркезінде көңіл аударматы. Соның нәтижесінде Котельников жұмыска күн сайын мас болып келу я болмаса, мүлде келмей қалуға дейін барды. Адамгершілік ардан айырылып қылмысты істерге де бой ұра бастады. Ең ақырында комсомол қатарынан шығарылып, жауапқа тартылды.

Жұрт тыныштығын бұзып, көшеде айғайлап, я болмаса көрінгенге соқтығып жүрген мас адамдардың жиіркенішті қылығы әрбір совет азаматының тарапынан қатты қарсылыққа кездесуге тиіс.

Москва және Ленинград комсомолецгерінің бастамасы бойынша қаланың комсомол ұйымдары жастар арасындағы маскүнемдікке қарсы күресу үшін клубтар-ұйымының небары 12-і ғана милиция органдарына көмектесетін бригадалар құрды. Оған небары 86-ақ комсомолец қатысты.

Маскүнемдікке бой ұру, әсресе, кәсіпорындарында жұмыс істейтін жастардың арасынан көбірек кездеседі. Мұның өзі қаланың кәсіпорындарындағы партия, комсомол және қоғамдық ұйымдардың маскүнемдікке қарсы күресті күшейте түсуді талап етеді. Бірақ, көптеген кәсіпорындарының басшылары маскүнемділікке жеңіл-желпі қарап «ол жеке адамның өз басының ісі» деген теріс пікірден арыла алмай отыр. Бұл сияқты фактілерді қаладағы А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатынан, Петропавл паровоз депосынан кездестіруге болады.

Әрине, маскүнемдердің барлығын бірдей жауапқа тартуға болмайды. Бірақ, маскүнемдіктің қандай түріне болса да төзбестік жағдай туғызу керек. Әсресе, бұл қылық әрбір комсомол ұйымдары тарапынан қатаң сынға алынуы тиіс. Қажетті жерлерде маскүнемдер үшін ең қатты шаралар қолданылуы да дұрыс болады.

Маскүнемдікке және бұзақылыққа қарсы күресуде адамдарды тәрбиелеудің роли өте зор. Жастарды коммунистік рухта тәрбиелеуге комсомол ұйымдары әрбір комсомол мүшесінің рухани дүниесінің бай болуына адамгершілік ізгі қасиеттерді бойына сіңіре білулеріне жетісулері қажет. Ол үшін тәрбиенің әңгіме өткізу, лекция оқу, түрлі демалыс кештері мен саулық кештерін ұйымдастыру сияқты түрлерін кең пайдалану қажет. Әсресе, мектеп оқушыларының коммунистік мораль негізінде тәрбиеленуіне баса назар аудару керек. Көптеген фактілер кейбір мектептерде оқушылардың арақ ішу сияқты қылықтарға бой ұруына жол берілгендігін көрсетеді. Мәселен, Преснов ауданындағы Островский жетіжылдық мектебінің оқушысы Анатолий Бурлаков арақ ішу жолына түскен. Мұның өзі оның денсаулығының бұзылуына және сабақ ұлгеруінің төмендеуіне әкеліп соқтырған. Бұл сияқты жат қылықтардың мектеп өмірінен мүлде орын алмауына жетісу —комсомол ұйымдарының басты міндеттерінің бірі.

Маскүнемділікке салыну адамның рухани азғандығының белгісі. Ал, рухани жағынан азғынданған адам біздің қоғамдық өміріміз үшін жат. Сондықтан да әрбір комсомол мүшесі социалистік тұрмыстың тәртіптеріне қайшы келетін бұл сияқты, жат қылықтардың қандайына болса да төзбеуге тиісті. Қоғамдық тәртіпті бұзушылар туралы кең көлемде қоғамдық пікір тудырғанда ғана маскүнемдікке және бұзақылыққа қарсы күресте ойдағыдай нәтижеге ие болуға болады. Коллективтің көмегі бұл күресте басты роль атқаруға тиіс.

Совет комсомолецтері рухани дүниесі бай, адамгершіліктің ең ізгі қасиеттерін өз бойларына жыйнақтаған дүние жүзі-

Партия ұйымы социалистік жарысқа қабылданған міндеттемелердің орындалуын ұйымдастыру үшін әрбір жұмысшының жұмыс істеуіне қажетті жағдай туғызды. Олардың арасындағы бұқаралықжұр. Жақында социалистік жарыстың қорытындысын шығарғанда Байбикова жолдас басқарған бригада бірінші орынға шығып, артельдің ауыспалы қызыл туын жеңіп алды. Сол сияқты, Рудковтүтынушыларына сапалы, сәнді былғары аяқкиімдерін тігу жөніндегі партия мен үкімет алға қойған міндеттерді орындауға өз үлестерін қосады.

Ш. НҰРЫМОВ.

КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

Жақында ҚКП Полудень аудандық комитетінің бюро мәжлісі Тоқпын совхозы жұмысшы комитетінің председателі Мұхаметжанов жолдастың есебін тыңдады. Бюро мәжлісі жұмысшы комитетінің жұмысындағы кейбір қолжеткен табыстарымен бірге, орын алған кемшіліктерді де атап көрсетті.

Совхоздың кәсіподақ ұйымы еңбек өзаттарының жұмыс үлгісін көпшілік игілігіне айналдыру ісін дұрыс ұйымдастыра алмай отыр. Мұнымен бірге, кәсіподақ ұйымы техниканың өнімді пайдаланылып, тоқтаусыз жүруін ұйымдастыра алмай келеді.

Кәсіподақ ұйымы жұмысшылардың арасындағы бұқаралық -саяси жұмысты жақсартуға, олардың бос уақытында мәдениетті дем алуларына қажетті жағдайлар жасай алмай отыр.

Аудандық партия комитетінің бюро мәжлісі кәсіподақ ұйымының жұмысындағы осы кемшіліктерді атап көрсетіп, оны жоюға бағытталған нақтылы шаралар белгіледі.

Ұйымшылдықпен басталды

Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артелінің (Петропавл ауданы) колхозшылары осы колхозды қамтыйтын Асанов МТС-нің механизаторларымен ынтымақтаса істей отырып, астық жыйнауға әзірлікті күні бұрын қолға алды. Соның нәтижесінде колхоз егін жыйнауды ұйымшылдықпен бастады. Егін жыйнауға әзірлікті ұйымдастыруда колхоз партия ұйымы мен коммунистер зор роль атқарды. Олар шын мәніндегі ұйымдастырушы болды.

Комбайншылар егін орағының алғашқы күндерінен бастап -ақ еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде. Мәселен, Грязнов жолдас «Сталинец—6» комбайнымен біржарым жұмыс күні ішінде 30 гектардан астам күздік бидай орып, оның әрбір гектарынан 11 центнерден астық бастырды. Колхоз 100 центнерден артық астықты мемлекетке тапсырып, бірінші бескүндікте астық тапсырудың графигін 400 процент етіп орындады.

Колхозда 5 «Сталинец—6», 2 «С—4» комбайндары жұмыс істейді. Әрбір комбайн агрегатымен тәулігіне 20 сағат егін жыйнауды жоспарлап, оның мүлтіксіз орындалуын үнемі тексерудеміз. Комбайндармен бастырылған астықты қырмандарға тасу үшін 18 жұмыс көлігі, 1 жүк автомашина бөлінді.

Колхоз партия ұйымы егіншілер арасында жүргізілетін бұқаралық -саяси жұмыстарын комбайншылар мен трактершылар және басқа егіншілер арасында еңбек өнімділігін арттыруға, егін жыйнау мен астық тапсыруды табысты жүргізуге бағыттап отыр. Кәзір екі трактор бригадасына төрт үгітші бөлінді. Олар түрлі тақырыптарда әңгімелер өткізіп, қабырға газеттері, жауынгерлік листоктар шығаруға көмектеседі. Бұл күндері олар механизаторлар мен егіншілер арасында СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын кеңінен насихаттап, оларды жаңа табыстарға жұмылдыруда.

Д. АФАНАСЬЕВ,
Ворошилов атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымының секретары.

★

СУРЕТТЕ: Маленков атындағы астық совхозының үгітшісі **П. Пустоваловтың** № 1 трактор бригадасында газет оқып отырған кезі.
Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

байншылары арасында Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысу правосын алу жолындағы жарыс өрістей түсуде. Мыңдаған механизаторлар егін жыйнауды қысқа мерзімде және ысырапсыз өткізу үшін жарысуда.

Егін жыйнаудың шебері Тамды МТС-інің комбайншысы Иван Панасенко «Приыжская коммуна» колхозында жұмыс істейді. Ол «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 30—35 гектардан егін оруда. Иван Панасенко маусымдық тапсырманы МТС-те бірінші болып орындады. Комбайншы Татьяна Потячка 240 гектар дәнді дақыл жыйнады.

Шевченко МТС-інің комбайншылары қажырлы еңбек етуде.

„ХТЗ-7" тракторын пайдалануды жақсартуда

Соңғы уақытта республиканың МТС-тері мен ММШС-тері көптеген жаңа «ХТЗ-7» тракторларын алды. Қазақстан механизаторлары бұл тамаша машинаны ойдағыдай меңгеруде.

Алматы облысының Қаскелен МТС-нің қызметкерлері «ХТЗ-7» тракторының жұмыс өнімділігін және үнемшілдігін едәуір арттырды. Олар бұл машинаны картоптың қатараралығын кесе- көлденең бағытпен баптаған кезде «КОП-2,3» культиваторымен агрегат етіп пайдаланып, оны үшінші жылдамдықпен жүргізетін болды. Культиваторды 2,8 метрге дейін кеңейтілген алыммен пайдалану ерекше тиімді нәтиже берді. Станция қызметкерлері культиватор рамасының брусын ұзартты, оған жұмыс істейтін бөлшектерді бірден 5 қатарды баптайтындай етіп орнатты. Мұның нәтижесінде агрегаттың жұмыс өнімділігі екі еседей арттты, жанармайдың жұмсалуы едәуір кеміді.

«ХТЗ-7» тракторын жоғары өнімді пайдалану жолындағы жарыста Шығыс Қазақстан облысының Қарасу МТС-інің жас трактершысы Заги Шүршітбаева жақсы табысқа жетті. Ол аспалы сүйретпемен 4 мың гектардан аса жердің шөбін жыйнады, бұл тапсырмадағыдан 4 есе көп.

Шығыс Қазақстан облысының Ярославская МТС-інің, республиканың басқа да бірсыпыра станцияларының механизаторлары жаңа тракторларды пайдалануды жақсартып, олардың жұмыс өнімділігін арттырды.

(ҚазТАГ).

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА ЕГІН ЖЫЙНАУ

ПАВЛОДАР. (ҚазТАГ). Павлодар МТС-нің комбайншылары облыста бірінші болып егін орағына кірісті. Павлодар ауданының Киров атындағы, Тельман атындағы, Чапаев атындағы колхоздарында 9 агрегат жұмысқа қосылды. Комбайншылар Ромов, Гартман және басқалары тапсырманы алғашқы күннен бастап-ақ асыра орындауда. Колхоз қырмандарында астық қосымша өңделе бастады. Комбайншылар Киров атындағы және Тельман атындағы колхоздарда егіннің әр гектарынан орта есеппен 28 центнерге дейін арпа мен қарабидай бастыруда.

Жаңа егіннің өнімін жыйнауға мұнымен катар Бескарағай және Май аудандарының колхоздары да кірісті.

диондарда арнаулы бақылау постыларын құруға қаулы қабылдады. Милиция органдарына көмектесу үшін құрылған комсомолцетердің бұл тобы кәзірдің өзінде біраз жұмыстар жүргізіп отыр.

Бірақ, бұл сияқты бригадалар әлі де болса жеткілікті дәрежеде құрылып отырған жоқ. Мәселен, қаладағы 32 комсомол

дықтан да олар жоралдық ағымдағы бір түрі болып табылатын мәскүнемдік және бұзақылық сияқты жиіркенішті жат қылықтардың қандайымен болса да қажырлы күрес жүргізуге тиіс.

Ж. НҰРПЕЙІСОВ,
ҚЛКЖО өблыстық комитетінің секретары.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

ОЗАТ ТӘЖРИБЕНІ КЕҢІНЕН ҚОЛДАНАМЫЗ

4 августа Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне келген экскурсанттардың алғашқы тобы қайта бастады. Олар Москвада болған кезде көрмені, оның әр салаларын павильондарын көріп, ауыл шаруашылығы озаттарының тәжрибесін егжей-тегжейіне дейін зерттеді. Мұнымен бірге, экскурсанттар астананың тарихи орындарымен танысты. В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің мавзолейінде болды. Москва түбіндегі таңдаулы шаруашылықтарға барып қайтты.

—Бұл күндерде біз көп нәрсені білдік, —дейді көрмеге қатысушы Липецк облысының Добринск ауданындағы «Прогресс» колхозының председателі, Социалистік Еңбек Ері Т. Е. Бугро, —Біздің колхоз соғысқа дейінгі көрмеге қатысқан еді. Онан бері шаруашылығымыз елеулі түрде алға басты. Колхоздың звено бастығы, Социалистік Еңбек Ері, РСФСР Жоғарғы Советінің депутаты Е. С. Баскакова 1945 жылы төрт гектарлық участоктің әр гектарынан 1150 центнерден қант қызылшасын өсірді. Бұл үшін оған Сталиндік сыйлық берілді. Колхоз 18 жыл бойына көп егіс көлемінің әр гектарынан орта есеппен 260 центнерден қант қызылшасын алып келді. Біз бұл дақылды жаман өсірмеуге үйренген сияқты едік. Бірақ біздің әлі көп нәрсеге үйренуге тиісті екеніміз байқалды.

Біздің осы уақытқа дейін қызылшаны механикаландырылған әдіспен өңдеу тек бір-ақ бағытта—қатарлардың ұзынабойымен жүргізілің келді. «Қант қызылшасы» павильонындағы көрменің экспонаттық егін участоктерінде мен қызылшаны екі бағытта—қатарларды ұзынабойымен және көлденеңінен өңдеудің механикаландырылған әдісімен таныстым. Бұл жұмсалатын еңбекті кем дегенде екі есе азайтып, қызылшадан неғұрлым мол өнім алуды қамтамасыз етеді. Біз қызылшаны өңдеудің мұндай әдісін өзімізде міндетті түрде қолданатын боламыз.

Көрмеге қатысушы біздің колхозшылар озат колхоздарда малды лагерьлеп-жайып бағудың тәжрибесімен танысты. Біз бұл тәжрибені де қолданамыз. Ол сауылатын сүттің мөлшерін едәуір арттыруға көп көмектеседі.

«Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру» павильонында біз картопты, сүрленетін дақылдарды жыйнауға арналған комбайндар мен кең алымды шөп машиналарын көрдік. Қандай тамаша машиналар десеңізші! Біздің МТС осындай машиналарды алатын болады.

Көрмеде көрсетілген озаттардың тәжрибесін қолдана отырып, біз шаруашылығымыздың барлық салаларының өнімділігін арттырып, 1955 жылы көрмеге қатысу правосына ие болуға талаптанамыз.

Алтай өлкесінің тәжрибелі колхозшылары— Краснощеков ауданының Сталин атындағы колхозының агротехнигі, Социалистік Еңбек Ері Г. И. Щербинин және Третьяков ауданының Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшесі И. С. Тихоненко көрмеден көп жаңа білім алып қайтқалы отыр. Щербинин жолдас академик И. В. Цицин өсіріп шығарған мол өнім ді бидай-бидайық будандарын өсіру ісімен шұғылдануды ұйғарды. Көрмеде қойылған машиналармен танысу Тихоненко жолдасқа көңіл-батты пияз бен жуаны қант қызылшасы сеялкасымен егіп механикаландыру керек деген ой туғызды.

Көрмеден қайтқандардың орнына экскурсанттардың жаңадан көптеген топтары келуде. Әр облыстан, өлкеден және республикалардан көрмеге бес күн мерзімге күн сайын ауыл шаруашылығының 3300 таңдаулы қызметкерлері шақырылады. Енді көрмеде күн сайын 16.500-ге жуық экскурсанттар болады.

Кеше көрмеде бұрынғыдай адамдар өте көп болды. Көрмеге ондаған мың москвалықтар келді. Экскурсанттарға арналып лекциялар оқылды. Колхозшылардың үлкен бір тобы алдында Киров облысының Вожгальск ауданындағы «Красный Октябрь» колхозының председателі, Социалистік Еңбек Ері П. А. Прозоров сөз сөйледі. Ол осы үлкен, көп салалы шаруашылықтағы еңбектің ұйымдастырылуы туралы баяндап берді. «Астық» павильонының лекция залында ауылшаруашылық ғылымының кандидаты Б. М. Виноградский шаршы- ұялап егілген картопты күтудің ерекшеліктері туралы баяндама жасады. «Манеж» лекция залында Кострома облысындағы «XII Октябрь» колхозының председателі, Социалистік Еңбек Ері, Сталиндік сыйлықтың лауреаты П. А. Малинина колхоз малшыларының сауын сыйырлардың сүтті көп беруіне қалай жеткені туралы әңгімеледі.

Колхоз мәдениет Үйінің лекция залында Москва облысының Можайский ауданындағы Хрущев атындағы ауылшаруашылық артелінің бригадирі М. И. Артемов пен Ленин ауданының Владимир Ильич атындағы колхозының председателі, Социалистік Еңбек Ері И. Я. Буянов Москва түбінің егістіктерінде бидай- бидайық будандарын өсіру жөніндегі тәжрибелерін айтты.

Экспонат ретінде әкелінген малды манежге шығаруды көрмеге келушілер зейін қоя көруде. Кеше мұнда бірнеше мың адам болды. (СОТА).

Жемшөп дайындау қарқыны бәсеңдетілмесін

★ ★ ★ ★

Пішеншілердің социалистік жарысы

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын басшылыққа ала отырып, «Красное знамя» колхозының (Преснов ауданы) бастауыш партия ұйымы мен колхоз басқармасы пішеншілердің социалистік жарысын кеңінен ұйымдастыру, сөйтіп, қоғамдық мал азығының берік базасын жасау міндетін ойдағыдай орындау мәселесіне күнбе- күн назар аударуда.

Колхозда екі өздігінен жүретін, төрт кеналымды шөп машиналарының агрегаты және көлікке жегілетін бірнеше шөп машиналары жұмыс істейді. Машинашылар еңбек өнімділігін арттыра отырып күніне 150 гектардан астам шабындық жердің шөбін шабуда.

Шөп шабу және маялау жұмыстары арасында еш қандай алшақтық жоқ. Шабылған шөп іле жыйналып, маяға салынады. Бұл жұмысқа адамдар жеткілікті бөлінген. Олар шөп жыйнаудың және маялаудың күндік, бескүндік графигін үнемі толық орындайды. Соның нәтижесінде кәзірдің өзінде 32 мың центнерден астам шөп дайындалды.

Өткен жылы бұл колхозда жемшөптің көбі мал қыстату басталғанға дейін қоралар жанына тасылып алынған еді. Бұл қысқы маусымда жемшөпті дұрыс жұмсауға, малды мезгілімен азықтандыруға қолайлы жағдай туғызды. Колхоз басқармасы быйыл да бұл мәселеге көп назар аударып отыр. Шөп тасуда 24 пар көлік жұмыс істейді. Олар өздеріне берілген нормаларын толық және артығымен орындап, күн сайын 100 центнерден астам шөп тасып, үйін жүр. Колхозда шөп сүрлеу жұмысы да ұйымшылдықпен жүргізілуде. Сыйымдылығы 5 мың центнерлік шөп сүрлейтін шұңқыр ерте бастан дайындалған болатын. Кәзір ол толығынан іске қосылған. Бұл жұмыста бір комбайн жұмыс істеп жүр. Колхозшылар осы колхозда жұмыс істейтін МТС механизаторларымен бірлесе отырып жемшөп дайындаудың жоспарын 13 августқа дейін толық орындауға міндеттенген еді. Олар кәзір алған міндеттемелерін аброймен орындау жолында қажырлы еңбек етуде.

В. ИВАНОВ.

Озат машинист

Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы колхозда машинист болып істейтін Ж. Көрбаев жолдас кеналымды шөп машинасымен быйылғы маусымда 2 мың гектар жердің пішенін шабуға міндеттеніп, оны мінсіз орындау жолында қажырлы еңбек етуде. Ол алған міндеттемесін аброймен орындау үшін кеналымды шөп машинасының тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді. Машинист өзінің кемекшілерімен жұмыс уақыты басталғанға дейін машиналарға техникалық күтім жасап, майлап отырады. Мұның өзі күн сайын 20 гектар [illegible] 25—40 [illegible]

Өткен жылдың кемшілігін қайталамау үшін

Совет ауданы Аманкелді атындағы колхоздың мүшелері СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын мұлтіксіз жүзеге асыру жолында қажырлылықпен күресе отырып жемшөп дайындау, мал қораларын жөндеу және жаңадан салу жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізіп келеді. Мұнда үстіміздегі жылы жоспар бойынша 1380 тонна жемшөп дайындауға тиіс болса, кәзірдің өзінде оның 1250 тоннасы дайындалды. Ал, шөп шабудың гектар жөніндегі жоспары 132 процент орындалды.

Колхозда жемшөп дайындау жұмысының барлық процесі механикаландырылған. Кәзір колхоздың шабындық даласында өздігінен жүретін кеналымды екі шөп машинасы, тракторға тіркелген кеналымды шөп машиналарының екі агрегаты, трактор тырнауышы, трактор сырмасы және шөп маялағыш жұмыс істеп жүр.

Ауыл шаруашылығын үнемі жаңа техникамен үздіксіз жабдықтап отырған партия мен үкметтің қамқорлығына іспен жауап беру үшін колхоз пішеншілері мен МТС механизаторлары техника қуатын сарқа пайдалану жолындағы социалистік жарысты өрістете отырып, көрнекті табыстарға ие болуда. Машинашылар Қ. Жөндібаев, С. Баймұқанов жолдастардың әрқайсысы кеналымды шөп машиналарының агрегатымен күн сайын 20 гектар шөп шабудың орнына, 25—30 гектар жердің шөбін шауып келеді. Сол сияқты, өздігінен жүретін кеналымды шөп машинасының машинисі А. Садықов жолдас күн сайын 35—37 гектар жердің шөбін шауып, күнделік тапсырманы 110—120 процент орындауда.

Жемшөп дайындауда азықтың сапалы болуы үшін күресу маңызды мәселе болып табылады. Солай болғандықтан да мұнда шөп шабу, жыйнау, маялау жұмыстарының арасында алшақтыққа жол берілмей, бұл жұмыстар бір-бірімен тығыз ұштастырыла жүргізіліп келеді.

Шөп жыйнауда істейтін тырнауышы Ш. Шәйкенов, Қ. Жұмабаев және мая салуда істейтін И. Бровко, Ә. Әбілмәжінов жолдастардың еңбегі атап айтарлықтай. Олардың әрқайсысы күніне біржарым, екі нормадан орындауда.

Жемшөптің берік қорын жасау жолындағы күресте еңбек өнімділігінің жоғары болуына пішеншілер арасында еңбек тәртібінің дұрыс ұйымдастырылуы, социалистік жарыстың негізгі принципі— өзара жолдастық ынтымақ пен көмектің дұрыс жолға қойылуы басты себеп болып отыр. Бұл колхоздың алдыңғы қатарлы пішеншілері күнделік тапсырмаларын артығымен орындаумен бірге жолдастарының да күнделік тапсырманы орындауы және асыра орындауы үшін күреседі. Мәселен, кеналымды шөп машинасының жас машинисі С. Баймұқанов жолдас жұмыстағы тәжрибесінің аздығынан шөп шабудың алғашқы күндерінде күнделік тапсырманы біраз орындай алмай жүрген болса, кейіннен тәжрибелі машинист Қ. Жөндібаев жолдастың қалтқысыз көмек көрсетуі, үздіксіз ақыл айтуы нәтижесінде күнделік тапсырманы үнемі артығымен орындайтын болды. Мұндай мысалдар аз емес.

Колхозда дайындалған шөпті қоралар жанына тасу тыңғылықты ұйымдастырылған. Кәзірдің өзінде мұнда қоралар жанына 3000 центнерге жуық шөп тасылды. Бұл жұмыста Ораз Байдалин бастаған колхоздың қарт колхозшылары С. Мұқашев, К. Бейсенов тағы басқалары өздері инициатива көтеріп, зор белсенділік көрсетуде. Колхоздың бұл белсенді қарттары жұмысты даладағы шөп қоралар жанына тасылып біткенге дейін істемек.

Айта кету керек, өткен жылы бұл колхозда сүрленген шөптің, құнарлы азықтың таппы болуынан мал шаруашылығының өнімділігі төмен болды. Колхозшылар бұл кемшілікті быйыл да қайталамас үшін құнарлы азықты, сүрленген шөпті мол әзірлемек болып отыр. Мұнда қоғамдық малға сүрленген шөпті жеткілікті мөлшерде әзірлеу үшін шөп сүрлейтін орлар дайын етілген.

Мал қоралары күні бұрын сапалы жөнделіп, жақсы жылытылса мал қыстатуды табысты өткізуге қолайлы мүмкіншілік туады. Колхозда бұл жағдай күні бұрын ескерілін, жаңа қоралар салу үшін сегіз адаммен арнаулы құрылыс бригадасы ұйымдастырылған. Бригаданы колхозшы К. Кожин жолдас басқарады. Быйыл бұл бригада шлак- бетоннан стандартты 100 бастық төл үйін және 150 бастық сыйыр қорасын салады. Кәзір төл үйін салу жұмысы қызу қарқынмен жүргізілуде.

Төл үйін салуда бригаданың көптеген мүшелері күнделік тапсырманы үнемі артығымен орындап, аянбай еңбек етіп жүр. Мысал үшін колхозшы М. Рудакова, Ш. Өмірбаева, ағаш шебері Қ. Ыбраев жолдастарды атауға болады. Бұлар күн сайын берілген тапсырманы біржарым есе орындайды. Жүктелген істі зор ұқыптылықпен атқарады.

Қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендете беру үшін бұл колхоздың колхозшылары жемшөп дайындау, мал қораларын жөндеу және жаңадан салу жұмыстарының қарқынын бұдан да арттырады. Сөйтіп, олар егін орағы жаппай басталғанша шөп дайындау жоспарын артығымен орындап, жемшөптің біржарым жылдық қорын жасайды.

Ә. МҰХАМЕТОВ.

Совет ауданы, Аманкелді атындағы колхоз.

Жемшөп дайындау қарқыны күшейтілсін

Ленин ауданындағы Калинин атындағы колхоз қоғамдық малды жемшөппен қамтамасыз ету үшін 25 мың центнер мал азығын дайындауы керек. Бұған колхозда күш-мүмкіншілік жеткілікті. Мәселе соны тиімді пайдалана білуде болып отыр.

Алайда, колхоз басшылары шөп машиналарының қуатын жұмысқа өнімді пайдалана алмай келеді. Осы себепті мұнда шөп шабудың графиктері орындалмайды. Бұл колхозда шөп шабу мен жыйнаудың арасындағы алшақтық 450 гектарға жетеді.

Колхоз председателі Қадірбаев жолдас жемшөп дайындауға атүсті басшылық жасайды. Ол пішеншілердің еңбегі дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз етпей келеді. Бірқатар колхозшылар жемшөп дайындауға қатысу орнына, босқа жүреді.

Колхоздың № 2 бригадасында соңғы бескүндікте кеналымды шөп машиналары үш күн бойы жұмысқа қатынаспады. Ал, колхоз басшылары сынған бөлшектерді МТС мастерскойында жөндетуді кезінде ұйымдастыра алмады. Пішеншілер бригадаларына техникалық көмек кезінде көрсетілмейді. Сынған машиналар бірнеше күн тоқтап тұрады. Мұның ақыры колхозда мал азығын дайындау жоспарының небары 48 процент қана орындалуына әкеліп соғып отыр. Колхозда дайындалған жемшөптің ысырабына жол берілуде. Шөп жыйнаушылар жұмыстың сапалы болуына назар аудармайды.

Жыйналған шөпті маялау және қоралар қасына мал азығын тасу жұмыстарының қарқыны да тәзгісіз баяу. Мұнда мал қоралары қасына жемшөп тасыйтын звено жұмыс істейтін, бірақ кейінгі кезде ол звено жұмысты тоқтатып қойды.

Жемшөп дайындау қарқынының нашарлығы колхоз партия ұйымына әбден белгілі. Алайда, бастауыш партия ұйымының секретары Жақатов жолдас пішеншілер арасында үгіт- бұқаралық жұмысын кеңінен өрістету арқылы жалпы колхоз бойынша еңбек өрлеуін тұғызуды ұйымдастырмай келеді.

Аталған колхоз басшылары жемшөп дайындаудағы елеулі кемшілікті жоюға, бұл істі егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарымен қат-қабат жүргізуге міндетті.

С. САУЫТБАЕВ.

Шөп жыйналмаған

«Бостандық» колхозы Приешім ауданындағы ірі колхоздардың бірі. Мұнда қоғамдық мал шаруашылығы жылдан-жылға өркендей түсуде.

Үстіміздегі жылы бұл колхозда ірі қара мал, жылқы, қой саны өз төл есебінен елеуір көбейтілді. Осы қоғамдық мал басын шығынға ұшыратпай қыстан күйлі шығару үшін құнарлы жемшөптің мол [illegible]

Жаңа оқу жылына әзірлік



Смирнов станциясындағы теміржол шылардың балаларына арналып жаңа мектеп салынды.

СУРЕТТЕ: Смирново станциясындағы жаңа салынған мектеп.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

★ ★

ҮЛГІЛІ МЕКТЕПТЕРДЕ

Ленин ауданының мектептері жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізуде. Кәзірдің өзінде ауданның 52 мектебі жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын толық аяқтады. Дайындық жұмыстары, әсресе, быйылғы жылы күрделі жөндеуден өтуге тиісті Ильинка, Малиновка, Заградовка мектептерінде ойдағыдай жүргізілді.

Ильинка орта мектебінің оқытушылар коллективі жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын ерте бастан қолға алып, оны белгіленген мерзімде толық аяқтап шықты. Мектеп үйі күрделі жөндеуден өткізіліп, қысқа қажетті 150 текшеметр отын мектеп үйінің жанына тасылып алынды. Сол сияқты, жөнделуге тиісті 100 парта және класс мебельдері кәзір толық әзір. Бұл мектепте быйылғы оқу жылы 500 оқушы оқымақ. Оларды оқулықтармен қамтамасыз ету жұмысы да ойдағыдай ұйымдастырылған. Оқытушылар коллективі өткен оқу жылында күзгі сынға қалдырылған оқушылармен дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Гаврилова жолдас директор болып істейтін Торанғұл жетіжылдық мектебі де жаңа оқу жылына ойдағыдай дайындалған мектептердің бірі. Бұл мектеп кәзір оқу жылын бастауға әзір. Бұл сияқты үлгілі мектептердің қатарында Волошинка, Покровка, Петровка жетіжылдық мектептерін атауға болады.

Д. БОЛАТОВ.

Толық әзір

Қаладағы Ленин атындағы № 1 орта мектеп жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстарын ерте бастан қолға алған еді. Кәзір мектеп үйін жөндеу толық аяқталды. Бұл үшін мемлекет 20 мың сом қаржы босатты. Жаңа оқу жылында мектепте политехникалық оқуды кеңінен жүргізу мақсатымен физика, химия, биология, математика кабинеттері жаңа көрнекі құралдармен, аспаптармен толықтырылды. Быйылғы жылы бұл мектепте қолөнер мастерскойы жұмыс істейтін болады.

Сонымен бірге оқушылар үшін қажетті оқулықтарды және жазу -сызу құралдарын сату ұйымдастырылды. Үстіміздегі оқу жылында мұнда қыз балалар мен ер балалар бірге оқыйтын болғандықтан, кәзір кластарды қайтадан құру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бұл мектепте быйылғы жылы 1100 оқушы оқымақ. Олардың басым көпшілігінің тізімі алынып, әрқайсысының қай кластарда оқыйтындықтары белгіленді. Мектептің оқытушылар коллективі де жоғары білімі бар маман кадрлармен толықтырылуда. Быйылғы жылы мұнда еліміздің жоғарғы оқу орындарын бітірген 3 оқытушы келді. Олар қажетті пәтермен қамтамасыз етіліп, кәзіргі уақытта мектептің ішкі жұмыстарымен таныстырылуда.

Ленин атындағы орта мектеп бұл күндері жаңа оқу жылын бастауға толық әзір.

А. САПАРОВ.

Жаңа оқу жылына әзірлік тыңғылықты

дейін шөп шабуға мүмкіндік беруде. Көрбаев жолдас күнделік жұмыс тапсырмасын 160 процеттен кем орындаған емес.

Көрбаев жолдастың қажырлы еңбек етуіне шөп машиналарын сүйрейтін трактордың тракторшысы Т. Шолақбаев жолдас та өзінің ісімен көмек көрсетуде. Ол шөп шабу науқаны басталғалы трактордың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді. Озат машинистің көмекшілері Оразалин, Ақшантаев, Шегіров жолдастар да күнделік жұмыс тапсырмаларын артық орындау үшін машиналардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне жете назар аударып келеді.

Кәзіргі уақытта Көрбаев жолдастың агрегаты 1500 гектардай жердің пішенін шапты. Ол еңбек қарқынын күшейте отырып, алған міндеттемесін аз күннің ішінде орындап шығады, сөйтіп, мал азығының берік базасын жасау ісіне келелі үлес қосады.

А. ЖОЛДЫҒАРИН.
(Өз тілшіміз).

Пішен шабудың озаттары

Преснов ауданындағы «Новый свет» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары мен осы колхозды қамтыйтын Преснов МТС-нің механизаторлары жемшөп дайындауда қажырлы еңбек етуде. Олар қоғамдық мал үшін жемшөпті мол дайындау жолында өзара социалистік жарысқа түсіп, жарыста алған міндеттемелерін орындау үшін еңбек өнімділігін есеп арттырып келеді.

Шөп шабуда, әсресе, П. Дробышев жолдастың кеңалымды шөп машиналарының агрегаты тоқтаусыз жұмыс істеуде. Агрегат мүшелері кеңалымды шөп машиналарын және машиналарды сүйрейтін тракторды үнемі техникалық күтімде ұстап, олардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді. Осының нәтижесінде агрегат күн сайын 20 гектар орнына, 25 гектар жердің пішенін шабады.

Өздігінен жүретін шөп машинасының машинисі Р. Шульфин жолдас та күнделік жұмыс тапсырмасын 115 процентке дейін орындап жүр. Ал, К. Фром жолдас «СХТЗ» тракторымен күніне 70 гектар жердің шөбін жыйнайды. Бұл жоспарды 120 процентке дейін орындайды деген сөз. Оның еңбегі өнімді болуы колхозда 2600 гектар шабылған пішеннің жыйналуын қамтамасыз етті.

Шабылған пішенді маялауда бес адамнан құрылған 8 звено жұмыс істейді. Олар күніне 300 центнерден артық шөп маялайды. Колхоз пішеншілерінің қажырлы еңбегі колхозда 22 мың центнер шөптің маяға салынуына және 6 мың центнерден астам шөп мал қоралары қасына тасылуына мүмкіндік берді.

Пішеншілер өзара социалистік жарысты кеңінен өрістету арқылы аз күннің ішінде қысқа жеткілікті мал азығын дайындап алмақ.

А. ҚАЗИЕВ.

Алайда, жемшөп дайындау жұмыстары әлі күнге дейін шыңдап қолға да алынған жоқ. Шөп машиналарының қуаты тиімді пайдаланылмайды. Пішеншілер арасында еңбек ұйымдастыру ісі тиісті дәрежеде емес. Осындай себептермен күндік, апталық пішен дайындау графигі мүлде орындалмайды. Колхоз быйыл 52 мың центнер жемшөп дайындауы керек болса, оның небары 15 мың центнері ғана үйілді, қалған 37 мың центнер шөп мүлде жыйналған жоқ. Шөп шабу, мал азығын жыйнау жұмысындағы елеулі кемшіліктерді колхоз председателі Ш. Абдықасымов жолдас көре тұра, осы кезге дейін елемей келеді.

Шөп шабу науқаны басталғаннан бері едәуір уақыт болса да, «Бостандық» колхозында жемшөп дайындау жоспарының орындалуы мүлде қанағаттанғысыз. Сондықтан колхоз басшылары мал азығын дайындауға ерекше көңіл бөліп, жоспардың мерзімінде толық орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ж. ПАШЕНОВ.

Преснов ауданы, Ленин атындағы жетіжылдық мектептің оқытушылар коллективі жыл сайын жаңа оқу жылына айтарлықтай дайындықпен келеді. Олар өткен жылы екі мектепке жөндеу жүргізіп, қыстық отынды ерте қамдап алған болатын. Соның нәтижесінде мектептегі оқу жылы ойдағыдай аяқталды.

Быйылғы жылы мектеп үйіне күрделі жөндеу жүргізу белгіленген еді. Кәзір онда мектепті жаңадан салу ісі қызу жүргізілуде. Мектеп салу жұмысында 6 шебер жұмыс істейді. Салынып жатқан мектеп үш үлкен кластан және кең залдан тұрады. Мектеп төбесі черепицамен жабылмақ. Мектеп салу жұмысында Н. Қоқақов, Б. Уақбаев және басқа жолдастар еңбек үлгісін көрсетуде. Сол сыяқты, мектеп үйін жөндеу жұмысына оқытушылар коллективі мен колхоз жастары айтарлықтай көмек көрсетуде.

Кәзір мектеп үйінің құрылыстары ойдағыдай аяқталып келеді.

А. ҚАСЕНОВ.

Мектеп жанындағы тәжрибе участогі

Преснов ауданы, Орман жетіжылдық мектебінің оқушылары мен оқытушылар коллективі быйылғы жылы мектеп тәжрибе участогін ұйымдастырды. Онда екпе шөптердің люцерн, бидайық және басқа түрлерін, сонымен бірге картоп, сәбіз, күнбағыс, бидай, сұлы, тары еккен болатын.

Жазғы каникул кезінде бұл коллектив тәжрибе участогінде айтарлықтай еңбек етті. Соның нәтижесінде мұнда егілген егіс түрлерінің шығымдылығы артып, жақсы болып, келеді. Оқытушы К. Некібаев жолдастың басқаруымен 5-6-7 класс оқушылары әрбір мәдени егістің шығымдылығын үнемі бақылап, тексеріп отырды. Сөйтіп, тәжрибе участогінің жұмыс нәтижесін арнаулы дәптерге тіркеді. Олар кәзір дақылдарды жыйнауға кірісті. Ол дақылдарды көрнекі оқу құралдары ретінде пайдаланбақшы.

Ә. ҚАЛЫҚОВ.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

ТӘЖІКСТАННЫҢ ПАВИЛЬОНЫ

Советтік Тәжікстанның безендірілуінде ұлттық сәулеттіліктің ғасырлар бойғы дәстүрлері бейнеленген павильонына республика немен бай болса соның барлығы, коммунизм орнатып жатқан тәжік халқының еңбек сүйгіш қолдарымен жасалған және өсірілген нәрсенің барлық жақсысы жыйнастырылған.

Павильон ішіне кірген адам алғашқы қадамнан бастап-ақ бұдан аз ғана уақыт бұрын самодержавиелі Россияның артта қалған жартылай отары болған республиканың бүгінгі күнімен танысады. Кәзір Тәжікстан өскелең өнеркәсіпті, озат ауылшаруашылығы бар, түрі ұлттық, мазмұны социалистік жоғары мәдениетті ел болып отыр.

Кіре берістің оң жағы мен сол жағына орналастырылған екі үлкен панно мұның барлығын дәлме-дәл әлелдейді. Оның бірінде өз еңбегінің жемістерін әкеле жатқан адамдардың салтанатты жүрісі. Олар жаңа, аса бақытты әмір құрушылардың қатарында бірге келе жатқандығымен бақытты. Екінші панно—ұшы-қыйыры көрінбейтін мақта алаңы, онда мақта Оңтүстіктің әуе айналып жерге түсетіндей ыстық күнінің астында бүкшеңдеп жүретін мақташылардың қолымен емес, ашылатын күндақтардан «ак алтынды» ешпен алатын және бункерге текшелеп салатын ақылды машиналармен жыйналады. Совет Үкметі орнағанға дейін жердің 85 проценті, барлық мал басының 70 проценті және егалдымен барлық су байлықтары әмірдің байлары мен чиновниктерінің қолында болған бүгінгі Тәжікстанның бейнесі жалпы көлемде, міне осылайша көрсетілген.

Көрмеге келушілер Тәжік ССР-нің жер бетінің картасын көреді. Ол шартты белгілердің көмегімен металл өңдейтін мақта тазалайтын, тоқыма кәсіпорындары пайда болған аудандарды онай-ақ тауып алады. Ол ауылшаруашылық дақылдарының белгілі бір түрі өсетін, малдың бағалы тұқымдары өсірілетін аймақтарды көреді. Бүгін советтік Тәжікстанда қанша МТС, колхоз, совхоз бар екендігін, бұл республиканың картасында Совет өкметі жылдарында қандай жаңа елді жерлер пайда болғандығын біледі.

Тәжікстанның ауыл шаруашылығының негізгі байлығы—мақта. Республика оның шығымдылығы жөнінде елімізде бірінші орын, ал жалпы өнімі жөнінде —екінші орын алды.

Павильонның орталық залы мақта шаруашылығына арналған. Оған кіре берісте әртүрлі ұлт оюларымен нақышталған өн бойында «мақта плантациясы» басталады. Күндақтан ағарандап шығып тұрған мақта бұталары бай әшекейленген стендалар мен қабырғаның өн бойына қойылған. Залдың ортасында олар аса сыйпатты жаймен ұштасады, ол жайда тау ағыны сыяқты жоғарыдан төменге қарай түрлі түсті Тәжік мақта-маталары желбірейді. Үшпілдек мақта тұқымына толтырылған қаптар тығыздалып байланған мақта шиттері мен алма кезектесіп отырады.

Бұл залдағы стендалардың үстіне мақтадан мол өнім алған шеберлердің үлкен портреттері қойылған. Олардың ішінде Социалистік Еңбек Ерлері — Сталинабад ауданы Сталин атындағы колхоздың звено бастығы Шәрипә Ятимова, Ленинабад ауданы Ворошилов атындағы колхоздың председателі Сайтходжа Урунходжаев және көптеген басқалары бар.

Павильонға 1954 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысу үшін қасиетті право алған көптеген шаруашылықтар әкелінген. Мәселен, міне, көп салалы Ворошилов атындағы колхоз. Оған арналған стендадағы материалдар мұнда 1952-1953 жылдары 425 гектар аса бағалы жіңішке торқалы мақтаның әрбір гектарынан алынған өнім 31,6 центнер болғандығын баяндайды. Колхозшылар астық пен жемістен де мол өнім жыйнап жүр. Бұл ауылшаруашылық артелінің мал фермаларында 69400 қой мен ешкі, 2339 ірі қара мал, 1204 жылқы бар. Колхоз жыл сайын миллиондаған табыска ие болып келеді. Колхозшылардың әл-ауқаты жылма-жыл өсуде. Бұған дәлел ретінде стендаға колхозшылардың бірі Бободжан Зариковтың табысы туралы сенім қағаз қойылған. Ол өзінің 1953 жылы тапқан еңбеккүндеріне 27950 сом ақша, 6260 килограмм астық және басқа да азық-түлік алды.

Екінші бір озат колхоздың Сталинабад ауданындағы Сталин атындағы колхоздың стендасында егіннен мол өнім алу үшін мұнда қандай әдістер қолданылатындығы, егіспен оны суарудың қалайша өткізілетіндігі, тынайқыштың егіс алаңына қалайша енгізілетіндігі, зиянды жәндіктерге қарсы күрес үшін қандай профилактикалық шаралардың пайдаланылатындығы жөнінде айтылады.

Көрменің механизаторы—экспонаттарының ішінен Орджоникидзеабад ауданы МТС-тері коллективтерінің жұмысы кеңінен көрсетілген. Бұл станция колхоз өндірісіне ауылшаруашылық ғылымы мен озат тәжрибенің жаңа табыстарын ойдағыдай енгізуде. Ол қамтыйтын колхоздарда мақта өнімі үздіксіз өсулі: өткен жылы ол әрбір гектар басы 37,5 центнерге жетті.

Тәжікстанның ыстық ауа райы жағдайында егіннен мол өнім алу үшін күресте судың аса зор маңызы бар. Павильонда республикада суарылатын алаңның өсуі туралы көрнекті материалдар берілген. Егер Тәжікстанның территориясында 1907 жылы 52 мың гектар жер суарылса, 1953 жылы 414 мың гектар колхоз және совхоз жері суарыды. Таяудағы жылдардың ішін де 158 мың гектар жер суарылмақ. 58 мың гектар жерге, оның ішінде мақтаның аса бағалы ұзын торқалы сорты өсірілетін 38 мың гектар жерге су беретін республикадағы ең ірі Вахшек жер суару жүйесінің схемасы зор шеберлікпен жасалған.

Өсімдік және мал шаруашылығы залдарында көптеген экспонаттар: бидай, зығыр және басқа да ауылшаруашылық дақылдарының будалары жыйналған. Бірқатар материалдар Тәжіктің мемлекеттік селекциялық станциясы коллективінің жүргізіп жатқан жұмыстарын бейнелейді. Ол станция дәнді, бұршақ дәнді, майлы және басқа да дақылдардың көптеген бағалы сорттарын шығарды және өндіріске енгізді, олар кәзір республикаға кеңінен жайылып отыр. Бірнеше стендалар мал шаруашылығын көрсетуге арналған. Оның ішінде Молотовабад ауданындағы Молотов атындағы колхозының ірі қара мал фермасына көрнекті орын берілген. Бұл фермада 1952-1953 жылдары әрбір сауын сыйырдан сауылған майлылығы жоғары сүт орта есеппен алғанда 2105 килограмға жетті.

Көрмеге келушілер 1952-1953 жылдары мемлекетке 14188 елтірі, оның 87 процентін бірінші сорты етіп берген, «Кабадиан» қаракуль совхозы коллективінің жұмысымен танысады. Каракуль шаруашылығы —Тәжікстанның ауыл шаруашылығының мол табыс беретін саласы. Шаруашылықтың бұл түрімен 4 совхоз және 24 колхоз мал фермалары айналысады. Таулы аудандарда және дала жұмыстарын кеңінен пайдаланылатын және төзімді мал болып саналатын аттардың бағалы тұқымдарын өсіретін Даган-Киикск ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың асыл тұқымды жылқы фермасының экспонаттары қызық-ақ. Соңғы жылдары республиканың ауыл шаруашылығының маңызды саласы болған жібек шаруашылығының өркендеуін көрсетуге арналған стенд түсті жібек маталарының өңдеген түрімен безендірілген.

Көрші залда Памирдің алып панорамасы ашылады. Таудың қар басқан алып шыңы аспандағы бұлтпен түйіседі, терең жыралардың және ойпаттардың аса жоғарыдағы үстімен топталған ирек-ирек автомобиль жолдары. Алдыңғы қатарлы мичуриндік агробиология ғылымымен қаруланған совет адамдары, осында да бұл қатал өлкеде де табиғатты өз еркіне ойдағыдай бағындыруда. Стендаларға орналастырылған көптеген материалдар, теңіз бетінен 3 мың метрдей жоғары жердегі алаңдардың өзінде колхозшылардың дәнді егістен мол өнім алып жүргендігін баяндайды. Мәселен, Шугнанск ауданының Ленин атындағы колхозы 1953 жылы егіннің әрбір гектарынан 49,3 центнерден арпа және 69,3 центнерден тары жыйнады. Осы ауданның Калинин атындағы колхозының бригадирі Шоназор Саибназаров таудағы бидайдың әрбір гектарынан 34 центнерден өнім алды.

Революцияға дейін Памирде овощ та, жеміс те өсірілмейтін еді. Кәзір мұнда овощ, бау-бақша, жүзім және жібек шаруашылықтары кеңінен өріс алып отыр.

Соңғы жылдары Тәжік ССР-нің егін даласында бұл ел үшін мүлдем жаңа, бұрын белгілі болмаған дақылдар өсіріле басталды. Еңбегі павильонда кеңінен көрсетілген күрғақ субтропиктердің Бүкілодақтық ғылми-зерттеу институты Орта Азияның жағдайында да субтропикалық өсімдіктер өсіруге мүмкіншілік бар екендігін дәлелдеп шықты. Өткен жылы оның питомниктері өндіріске 13,5 мың гранат, хурма, инжир, лимон, миндаль тұқымдарын берді. Тәжікстанның колхоздарында цитрустыөсімдіктердің саны кәзірдің өзінде 27600 деп асып түседі.

Қорытынды залдың бірқатар стендалары тәжік халқының ғылым, искусство және әдебиет саласындағы табыстары жөнінде де айтады. Павильонға келгендер Советтік Тәжікстанның экономикасы, тұрмысы және мәдениеті жөнінде толық мағлұмат алады.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Көңіл бөлмей отыр

Ленин ауданындағы «Бұлақ» колхозының мүшелері советтік кинофильмдерді үнемі көріп тұруға құштар. Бірақ, аудандық мәдениет бөлімінің басшылары жылжымалы киноларды колхозға маршрут бойынша келіп, кинофильмдер көрсетіп тұрудың бақылап отырмайды. Ал, жылжымалы киноларды механиктері колхозға үнемі келіп, кинофильмдерді сапалы көрсетіп тұруды міндетіміз деп санамайтын сыяқты. «Бұлақ» колхозында соңғы үш ай бойына бірде-бір рет кино көрсетілмеуі де киномеханиктері мен аудандық мәдениет бөлімі қызметкерлерінің колхозшыларға кино көрсету мәселесіне жете көңіл бөлмеуінің салдары деп түсіну керек. Ленин ауданында бұл сыяқты кемшілік қашан жойылар екен?

К. СӘТИЕВ.

„Ленин туының“ дабылынан

кейін

„Сәті түспеген іс“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 12 июньдегі номерінде «Сәті түспеген іс» деген тақырыппен Б. Жүсупбеков жолдастың хабары жарияланбаған болатын.

Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы колхоз басқармасының председателі К. Рыспаев жолдас бізге, колхоздың 3-бригадасындағы движок орнатылып, 1 июльде пайдалануға берілді, деп хабарлады.

Халықаралық шолу

ЕВРОПАДАҒЫ КОЛЛЕКТИВТІК ХАУІПСІЗДІК ҮШІН

Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы, Франция, Великобритания және АҚШ үкіметтеріне жолдаған Совет үкіметінің нотасын батыстағы жұртшылық аса зор ынтамен, мейлінше кеңінен қолдап қарсы алды. АҚШ-тың билеуші топтары муны еске алып, европалық континентте соғыс блоктерін топтастырудың американ саясатына совет ұсыныстарының кедергі болуы ықтыймал деп хауіптенуде. Мысалы, «Нью-Йорк геральд трибюн» көзір Құрама Штаттардың Франциямен де, сондай-ақ Батыс Германиямен де біріккен майданды сақтауы бұрынғыдан анағұрлым қыйын болады» деп, хауіптенген өкініш айтуда.

Дүниежүзілік жұртшылықтың совет ұсыныстарын Европада бейбітшілікті нығайтудың дұрыс жолы деп неліктен бағалап отырғанын түсіну қыйын емес. Соғысты бастау қарсаңында бір-біріне қарама-қарсы тұратын, бір-бірінен оқшауланған соғыс топтарының құрылып келгенін тарихтың тәжрибесі үйретіп отыр. 1 августа қырық жылдығы аталып өтетін дүниежүзілік бірінші соғыстың алдында осылай болды, герман империалистері дүние жүзілік екінші соғысқа әзірленген кезде де осылай болды. Міне, бұл фактілерге қарағанда, Құрама Штаттардың агрессияшыл топтары жұргізіп отырған соғыс топтарын топтастырудың көзіргі саясаты ерекше масқара саясат болып көрінеді.

Төрт державаның сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесінен бергі уақыттың ішінде коллективтік хауіпсіздік идеясы бұрын совет ұсыныстарына дұшпандықпен қараған батысевропалық елдердегі буржуазияшыл топтардың көптеген өкілдерін өз жағына тартып отыр. Ағылшын және француз парламенттерінің бірқатар мүшелерінің совет нотасына дұрыс қарауының зор мәні бар. Париждың буржуазиялық «Монд» газеті «жақсы бейбітшілікті» «біркелкі бағыт ұстаған елдер арасында хауіпсіз системасын көбейте беруден» емес, қайта «барлық елдерді тұгелімен біріктіретін хауіпсіздік системасын ұйымдастырудан» іздестіру керек деген қорытындыға келген. Европалық хауіпсіздік туралы шарт жасау идеясы, деп мойындаған Лондонның «Таймс» газеті, Англияда көптеген адамдарды өзіне тартып отыр. Мұндай көзқарас Батыс Европаның бірқатар елдерінің билеуші топтары арасында кеңінен таралуда.

Совет ұсыныстарының өзіне назар аударып отырғанда ағы бір себебі сол, бұл ұсыныстарда герман мәселесін, сонымен қатар Австрия мәселесін бейбітшілікпен шешуге мүмкіндік бар. «Оқыйғалардың Совет үкіметі нотасында айтылғанындай дамытылуы—деп мәлімдеді жуырда Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Гротеволь,—бір қадам ілгері басқандық болар еді және бейбітшіл, тәуелсіз демократиялық мемлекет ретінде біртұтас Германия құру негізінде герман мәселесін реттеуге қолайлы жағдай туды[illegible]

АҚШ-тың билеуші топтары, деп атап көрсетті жуырда шетелдік баспасөз, Женева келісімдерін «ешқандай жігерсіз» қарсы алды, ал олардың «Оңтүстік -Шығыс Азияда одақ» құру жоспарын жүзеге асыруды тоқтатуы мүмкін. Бірақ, АҚШ-тың дипломаттары мен соғыс ведомствосы Оңтүстік-Шығыс Азияда осындай агрессиялық соғыс блогін топтастыру әрекеттерін ашықтан ашық күшейте түсуде.

Муны, атап айтқанда, АҚШ мемлекеттік секретары Даллестің жуырда баспасөз конференциясында жасаған мәлімдемесі әлеллейді, ол Женевада жасалған келісімдер Индо-Қытай мемлекеттерін —Вьетнамды, Лаосты және Камбоджаны жоспарланы отырған агрессиялық блокке қатыстыруға кедергі болмайды-мыс дегенді айтты. Бірақ Индо-Қытай мемлекеттерінің ешқандай соғыс одақтарына кірмейміз және өз территориямызда шетелдік соғыс базаларын құрмаймыз деген міндеттемелерінің Женева келісімдерінде жазылғаны жұртқа мәлім. Индо-Қытай мемлекеттеріне американ «соғыс көмегін» барын тұрған арсыздықпен қабылдатуға тырыскан Даллестің мәлімдемесін Женевада қол жеткен келісімдерді сәтсіздікке ұшыратудың ашықтан ашық жасалған әрекеті деп қана бағалауға болады. Муныемен қатар мынаны атап айту керек: Оңтүстік-Шығыс Азияда соғыс блогін құру мақсатымен Құрама Штаттардың өз әріптестеріне, ең алдымен, Англияға және Францияға жасап отырған қысымы бұл елдердің жұртшылығы арасында ғана емес, тіпті үкіметтік топтарында да күшті абыржушылық тудыруда.

27 июльде бүкіл дүние жүзінде Кореяда ғы уақытша бітімнің бір жылдығы атап өткізілді. Өткен бір жылдың ішінде АҚШ-тың агрессияшыл топтары корей мәселесін біржолата бейбітшілікпен шешуге кедергі келтіруге жаңа әрекеттер жасады. Дәл солардың кінәсінен бұл мәселе Женева кеңесінде шешілмей қалды. Уақытша бітімнің бір жылдығы күндерінде оңтүстік-корейлік президент Ли Сын Ман АҚШ президентімен және жоғары дәрежелі әскери өкілдерімен келіссөздер жұргізу үшін Вашингтонға барды. Аэродромда болған кездің өзінде-ақ ол «Солтүстікке жорық жасайтын» өзінің жоспарлары туралы, яғни Корей Халық- Демократиялық Республикасына қарсы жаңа интервенция туралы жалпы жұртқа естірте жариялады. Американ баспасөзінің көрсетуіне қарағанда, Ли Сын Ман келіссөздерінің мақсаты оңтүстіккорейлік армияны тағыда 15—20 дивизия көбейту, яғни екі есе арттыру болып табылады. Американ қаруымен жабдықталған бұл армияны Ли Сын Ман Қыйыр Шығыстағы авантюраларын жүзеге асыру үшін американ генералдарының пайдалануына ұсынып отыр. Американ конгресінің екі палатасының бірлескен мәжілісінде сөз сөйлеген Ли Сын Ман Кореяда жаңа соғыс бастауға ашықтан ашық шақырып, буған қоса былай деген: «Корей майданы—біздің ұтқымыз келетін соғыстың, Азия үшін соғыстың жер шары [illegible]

КОРЕЙ ХАЛҚЫ АМЕРИКАН СОҒЫСҚҰМАРЛАРЫ МЕН ЛИСЫНМАНДЫҚТАРДЫҢ АРАНДАТУШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ҚЫНЖЫЛУДА

ПХЕНЬЯН, 5 август. (СОТА). Лисынмандық өкмет орындарының уақытша бітімді байқау жөніндегі бейтарап комиссияның қызметкерлеріне қарсы бағытталған арандатушылық әрекеттерін Корей Халық-Демократиялық Республикасы халқының барлық топтары ыза-кек кернеген сезіммен естіді. «Нодон синмун» газеті басмақаласында уақытша бітімді байқау жөніндегі бейтарап комиссия өкілдерінің Оңтүстік Кореядан дереу кетуін талап еткен лисынмандық жандармерия командашысының мәлімдемесін, сол сияқты, Инчон, Пусан, Куньсан және Сеул қалаларында тексеру топтарының қызметкерлеріне шабуыл жасалғанын еске салып, былай деп жазады:

Мұндай арандатушылық әрекеттер АҚШ-тың соғысқұмар элементтері демеп отырған Ли Сын Ман сенат пен американ конгресінің өкілдер палатасының бірікке мәжілісінде «Кореядағы уақытша бітімнің аяқталғанын жариялайтын» уақыт жетті деп мәлімдеп, мұнымен Кореяда жаңадан соғысты тұтату жөніндегі өзінің жоспарын ашқармай айтып қойғанынан кейін ілешала жасалды.

Газет былай деп көрсетеді: Кореяда соғыс қыймылдары тоқтатылғаннан кейін АҚШ-тың билеуші топтары мен лисынмандық өкмет орындары Кореядағы жағдайды шиеленістіріп, уақытша бітім туралы келісімді іске асырмай тастауға үнемі тырысып келді. Газет мысал ретінде агрессияшыл «өзара қорғаныс туралы корей-американ договорын», 27 мыңнан аса соғыс тұтқындарын зорлықпен ұстап қалуды және уақытша бітім туралы келісімді ұдайы бұзу фактілерін келтіреді. Уақытша бітім жасалғаннан кейін үстіміздегі жылдың 14 июніне дейінгі мерзімде американ самолеттері демилитарландырылған аймақтың солтүстігіндегі әуе кеңістігіне 309 рет басып кірді, жау жақтың қарулы әскерлері демаркациялық линиядан заңсыз 80 рет өтіп, демилитарландырылған аймақты 50 рет атқылады.

Соңғы уақытта, дейді онан әрі газет, американдық өкмет орындары мен Ли Сын Манның қолжаулық тобының Кореядағы уақытша бітімді бұзуға бағытталған әрекеттері ерекше күшейіп отыр. Корей-қытай жағы уақытша бітім туралы келісімді дәл орындап отырғанда, американ жағы бейтарап комиссияға өзінің заңды міндеттерін орындауға бөгет жасап, уақытша бітім туралы келісімді іске асырмай тастауға, сейтіп шиеленіскен жағдай тұғызуға тырысуда.

Газет қорытындысында американ өкмет орындары уақытша бітім туралы келісімнің әрбір пунктін адал орындауға тиіс деп жазады.

УРУГВАЙДЫҢ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕЛЕРІНЕ САЙ КЕЛЕТІН КЕЛІСІМ

МОНТЕВИДЕО, 5 август. (СОТА). Уругвайдың баспасөзі ССРО мемлекеттік банкі мен Уругвай банкі арасында жасалған төлем туралы келісімге әлі де түсінік [illegible]

Польшаның Англияға нотасы

ВАРШАВА, 5 август. (СОТА). Поляк Халық Республикасының сыртқы істер министрлігі Варшавадағы ағылшын елшілігіне нота жолдады, онда былай делінген:

28 июльде поляктің «Ярослав Домбровский» сауда кемесі Лондон портында тұрған кезде кемеде жасырын жолаушының пайда болғаны байқалды. Көп ұзамай оның Антони Климович екені анықталды; біркезде ол поляктің сауда флотынан жұмыстан шығарылған болатын және қылмыс жасауына байланысты поляк өкмет орындары оны ізден жүрген еді. Мұнымен бірге, Климовичті Англиядағы контрабандалық ісі үшін ағылшын өкмет орындары екі рет жазалағанын да қоса айту керек.

Кемеде жасырын жолаушының пайда болғаны анықталғаннан кейін бірсыпыра уақыттан соң британ иммиграциялық өкмет орындарының өкілдері келді, олар капитаннан Климович жөнінде түсініктер алып, кемеден кетіп қалды. 31 июльде ағылшын иммиграциялық өкмет орындарының өкілі капитанға Климовичті портта жетуге жазбаша рұқсат берді. Мұнымен бірге өкіл Климовичке ағылшын өкмет орындарының кемеден жағаға шығуға оған рұқсат беруге бастартқаны туралы жазбаша хабарды тапсырды.

Алайда, делінген нота, Лондоннан Гдыняға жүзіп келе жатқанда кемені ағылшын иммиграциялық өкмет орындарының өкілдері мінген полицейлік қайық тоқтатты. Олар өздерінің буған дейінгі шешімін өзгертуінің себептерін айтпастан Климовичті қайырып беруді талап етті. Нотада көрсетілгеніндей, капитан қылмыстыны қайтарып беруден бастартқан кезде үстінде полиция отрядтары бар екі ағылшын торпедалық катері кемеге жақындап келді. Полицейліктердің бірсыпырасы кемеге баса-көктеп кірді. Климович отырған каютаның есігін қыйратып кіріп, полицейліктер Климовичті алып кетті. Ағылшын полициясы өзін дөрекі ұстады, кеме экипажы мүшелерінің бірі шоқпармен соққыға жығылды, ал екінші біреуіне елеулі зақым келтірілді. Бұл жолсыздық әрекеттерге ағылшын полициясының 120 қызметшісі қатысты, оларға полицейлік комиссар Джон, Нот-Бувер тікелей басшылық етті.

Нотада ағылшын полициясының бұл әрекеттері халықаралық правоны дөрекілікпен бұзу болып табылады деп көрсетілген. Кеме экипажы мүшелеріне күш жұмсау, олардың ешкім қол сұға алмайтын правосын бұзу, тіпті оларды жаралап, соққыға жығу, сол сияқты жабдықтарды бұзу-діру екі елдің арасындағы сауда қатынасы мүдделерін көздеп бейбіт жүзіп келе жатқан кеме жөнінде жол беруге болмайтын озбырлық әрекет болып табылады.

Нотада поляк үкметі батыл наразылық білдіреді және қылмысты Климовичті қайтарып беруді, «Ярослав Домбровский» кемесін ұстаудың және оған ағылшын полициясының шабуыл жасауы салдарынан болған зиянды төлеуді, сол сияқты, айыпталарды жазалауды талап етеді делінген.

Мароккодағы жағдай

ПАРИЖ, 4 августа. (СОТА). Париж газеттерінің хабарына қарағанда, Мароккодағы жағдай онан әрі шиеленісуде 2 августа Фес қаласында манифестациялар және полициямен соқтығысу болды. Онда 6 адам қаза тапты. Қала қоршау жағдайында, көшелерді полиция мен әскерлер күзетіп жүр.

Газеттер Марокконың сұлтаны Сиди Мохаммед Бен Юсефтің өкмет басынан құлатылуының жыйқтан кеде жатқан бір жылдығына (20 август) байланысты шиеленіс күшейе түседі деп хауіптенушілік білдіруде. Кейбір газеттер бұрынғы сұлтанды жақтаушылар мен оған қарсылардың арасында жанжалдар болу мүмкіндігіне тыныссыздануда. Марокконың әртүрлі қалаларында сұлтанды таққа қайта отырғызу жолындағы қозғалыс күшеюде.

«Монд» газеті арабтар тұратын кварталдардың халқы ереуілдерге әзірленуде, олар тек сауда орындарын ғана емес, сонымен бірге өнеркәсіп орындары мен кустарлық мастерскойларды да қамту хаупін тұғызуда деп жазды.

«Монд» онан әрі былай деп мәлімдеді: Мендес-Франстың, Фушенің (Марокко мен Тунис істері жөніндегі министр) және Лакостың) Франциямның Мароккодағы бас резиденті) адресіне бұрынғы сұлтанды орнына қою туралы талаптар қойылған көптеген үндеулер, хаттар мен шағымдар түсуде.

ПАРИЖ, 4 август. (СОТА). Франция[illegible] шиеленіске өте-мөте абыржуда. Париж баспасөзінің хабары бойынша, Мароккодағы толқушылықтар барған сайын кең көлем алып, көп жағдайларда полициямен және әскерлермен соқтығушыларға әкелін соғуда.

Кеше күні бойына Фес, Касабланка және Птижан қалаларында жаңадан демонстрациялар болды. Полициямен соқтығысулардың салдарынан манифестацияшылардың арасынан көп адам қаза тапты және жараланды. Көп жағдайларда полиция демонстрацияға қатысушыларға оқ атады. Демонстрацияшылар бұрынғы сұлтан Сиди Мохаммед Бен Юсефті орнына қайтаруды талап еткен Марокко қалаларының көпшілігінде қоршау жағдайы жарияланды.

«Фран-тирер» газетінің хабары бойынша, әскерлер мен полиция Фес қаласының арабтар тұратын кварталдарына кіретін және шығатын жерлерге тұгел бақылау жасауда. Касабланкада да полицияның үлкен отряды бар. Птижандағы (Рабаттан 140 километр жердегі мұнай шығарылатын орталық) кешегі демонстрациядан кейін онда Порт-Лиотеден және Сиди-Слиманнан полицейлік көмек жіберілді.

«Юманите» газеті бүгін Марокко коммунистік партиясының үндеуін жариялады: онда полицейлік террорды тоқтатып, Марокконың тәуелсіздігі мен суверенитетін тану негізінде келіссөздер жұргізу [illegible]

БАТЫС ГЕРМАНИЯДАҒЫ ПОЛИЦЕЙЛІК ТЕРРОР

БЕРЛИН, 7 август. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, Шлезвиг-Гольштейн жерінің өкмет орындары (Батыс Германия) соңғы күндерде коммунистік партияның мүшелері мен қызметкерлерінің пәтерлерінде, сол сияқты, партияның үйлерінде тінтулер жұргізген. Мұнымен бірге жақында болатын сайлаудың материалдары, баспахана материалдары мен станоктары конфискеленген.

Шлезвиг- Гольштейн жеріндегі Германия коммунистік партиясының ұйымы сайлау алдындағы бұл террорға қарсы батыл қарсылық білдірді. Қарсылықта былай делінген: «Шлезвиг-Гольштейн жерінің үкметі өзінің «еркін сайлауды» қалай түсінетіндігін көрсетті. Солтүстік Рейн-Вестфалия жерінде христиан-демократияшыл одағы миллион сайлаушылардың даусынан айрылып, ал оның есесіне Германия коммунистік партиясы жаңадан 35 мың дауыс алған сайлаудың қорытындысынан үрейленіскен Шлезвиг- Гольштейн үкметі сайлаушылардың еріжті шешімге келуіне бөгет жасау үшін полицейлік тәсілдерді қолдануды бастады».

БЕРЛИН, 7 август. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, кеше Эссенде Солтүстік Рейн- Вестфалия жеріндегі Германия коммунистік партиясы басқармасының бірінші секретары Иозоф Ледвон тұтқынға алынған. Германия коммунистік партиясы басқармасының секретариаты мәлімдеме жариялап, онда былай делінген:

«Аденауэр өзінің анатқа ұшыраттын саясатына қарсы өршін келе жатқан оппозициямен күресу үшін террор және үрейлендіру тәсілдерін қолдануда, алайда, оның бұл әрекетінен ешнәрсе шыққайды».

АҒЫЛШЫН ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ДЕМОКРАТИЯШЫЛ ЛАГЕРЬДІҢ ЕЛДЕРІМЕН САУДАНЫ КЕҢЕЙТУДІ ТАЛАП ЕТУДЕ

ЛОНДОН, 7 август. (СОТА). «Дейли Уоркер» газетінде транспорт және маманды ғы жоқ жұмысшылардың Шотландия кәсіподағы бөлімшесінің бас секретары Майкл Бэрнің мақаласы жарияланды. Глазгоның порт жұмысшыларының төрттен бір бөлегі өткен аптаның ішінде жұмыссыз болды деп атап көрсете келіп, Бэрн былай деп мәлімдейді: «Соғысқа дейін Балтық, Қара теңіз және Ақ теңіз порттарымен біздің сауда қатынасымыз үздіксіз болып отырды және көлемі жағынан да едәуір еді. Кәзір сауда қатынасын іс жүзінде жоққа таңдық деп айтуға болады. Біз сауда қатынасының бұрынғы қалпына келтірілуін тілейміз. Глазго портындағы жұмыстың бір қалыпты болуына жетісу үшін бізге сауда қатынасы өте қажет. Шығыс пен Батыс арасындағы саудаға американдардың тыйым салғандығынан біз басқалардан гөрі көбірек азап тартып отырмыз. . . Біз буған неге көнеміз?».

Баспасөз хабарынан көрініп отырғандай, Глазгодағы «Норт Бритиш локомотив Уоркс» фирмасының ең ірі паровоз [illegible]

ған болар еді, біз бұған бөрік сеніп отырмыз».

Нәміс халқының алдында совет ұсыныстары ашып отырған перспективалар Батыс Германияның жұртшылығына зор әсер етті. Социал-демократиялық партияның председателі Олленхауэр совет ұсыныстарын мейлінше зейін қойып талқылауға шақырды.

Оңтүстік-Шығыс Азиядағы даулы мәселелерді шешкен Женева кеңесі Европада туған даулы мәселелердің бәрін де келіссөздер жүргізу жолымен шешуге болатынын көрсетті. Жалпыевропалық коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы совет ұсыныстары негізінде бұл міндетті шешу Европа мен бүкіл дүние жүзі халықтарының ең шұғыл мүдделеріне сай келеді.

АЗИЯДАҒЫ БЕЙБІТШІЛІК ЖАУЛАРЫНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ СӘТСІЗДІККЕ ҰШЫРАТЫЛУҒА ТИІС

Бүкіл дүние жүзінде зор жігермен және үмітпен қарсы алынған Женева келісімдері жүзеге асырыла бастады. Бүкіл Индо-Қытайда ағысты тоқтату туралы бұйрықтар берілді, ал Солтүстік Вьетнамда ұрыс қыймылдары кәзірдің өзінде тоқтатылды. Индо-Қытайдағы уақытша бітімді байқау және бақылау жөнінде Индияның, Польшаның және Канаданың өкілдерінен құрылған халықаралық комиссия таяудағы уақытта өзінің жұмысын бастауға тиіс. Азияның халықтары және бүкіл дүние жүзінің жұртшылығы Женева келісімдерін жүзеге асыру, шешілмеген барлық мәселелерді және, атап айтқанда, корей мәселесін бейбітшілікпен реттеуге жол ашады деген сенім білдіруде.

Американ штурмовиктерінің Қытайдың екі күзетші самолетіне қарақшылықпен шабуыл жасауы Құрама Штаттардың агрессияшыл топтарының халықаралық жағдайды шиеленістіру үшін қандай сылтауды болса да пайдалануға әзір екендігінің айқын мысалы болып табылады. Құрама Штаттардың бұл арандату әрекеті үшін таңдап алған сылтауы (Хайнань аралы тұсында Қытай авиациясы қатеден ұшырын транспорт самолетін атып түсіру нәтижесінде болған жанжал) және бұл арандату әрекетіне қатыста туған көзқарас американ билеуші топтарының Чан Кайшидің бандасын қолдауды көздеген өз саясатын және Қытай Халық Республикасына қарсы бағытталған қандайда болса әрекетті АҚШ-тың әріптестері қолдайды деп үміттенген есептерінің мүлде дәлелсіз екендігін көрсетті. АҚШ-тың ҚХР-ге қарсы арандатушылық әрекеттері бұл жолы барлық жерде де, атап айтқанда, Англияда да бірауыздан айыпталды.

Американ агрессияшыл топтарының Оңтүстік-Шығыс Азиядағы тіміскілеген әрекеттері дүниежүзілік жұртшылықты соғыс өртін тұтандырушылардың жоспарларын мезгілінде сәтсіздікке ұшырату үшін жоғары қырағылық көрсетуге мәжбүр етуде. Женева кеңесінің табысы, беделінен айрылған «күш жұмсау тұрғысынан, жүргізілетін» американ саясатын келіссөздер жүргізу принциптерінің жеңіп, салтанат құруы мұндай жоспарларды сәтсіздікке ұшыратуға болатындығының және сәтсіздікке ұшыратылуға тиіс екендігінің кепілі болып табылады.

С. ИВАНОВ.

Жаппай қырып-жоятын қаруға тыйым салынсын

Бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік Советінің бейбітшілікті қорғаудың жапондық комитетіне хаты

ВЕНА, 5 август. (СОТА). Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің секретариаты бейбітшілікті қорғаудың жапондық комитетіне мынадай хат жолдады:

Хиросима трагедиясының дүние жүзінің барлық елдерінде атап өтіліп жатқан 9 жылдығына байланысты, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің секретариаты атом бомбасының алғашқы құрбандығы—жапон халқына өзінің зор тілектестігін білдіреді.

«Хиросима» деген сөз бүкіл дүние жүзіне қатер төндіретін қырғын атом соғысының мәңгілік белгісі болды.

Жуықта Бикини атолласында жарылған сутегі бомбалары жапон халқын жаңа құрбандықтарға ұшыратты. Бұл құрбандықтар бүкіл дүние жүзінің еркектері мен әйелдері үшін елеулі сақтандыру болып табылады.

Жер шарының халықтары барлық жерлерде атом және сутегі қаруына, сол сияқты жаппай қырып жоятын қарудың барлық түрлеріне толық тыйым салу үшін күресуде. Бұл ағілікті күресте жапон халқы құрметті орын алып отыр.

Жапонияда атом және сутегі қаруына тыйым салу жолында өткізіліп жатқан науқанды халықтың барлық топтары қуаттауда, бұл науқан зор табыспен өтуде. Қысқа мерзімнің ішінде 5 миллионнан аса адам қол қойды.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің секретариаты бейбітшілікті қорғаудың жапондық комитеті мен бейбітшілік жолындағы күресте жаңа табыстарға жеткелі отырған бүкіл жапон халқына ең ыңғы тілектестік білдіреді.

КИПРДЕГІ ДЕМОНСТРАЦИЯ

ЛОНДОН, (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Никозиядан (Кипр) берген хабарына қарағанда, кеше онда жаңа конституцияға қарсы наразылық демонстрациясы болған, бұл конституцияда Кипрдің ағылшын отары болуын сақтау қарастырылған. Демонстрацияға қатысушылар «Конституция жойылсын!», «Тек қана Грециямен қайта қосылмаймыз!» деген ұрандар жазылған транспорантар көтеріп жүрген.

...ерде. Газеттер бұл келісім Уругвайдың ұлттық мүдделеріне сай келеді деп атап көрсетуде.

«Эль бьен публико» газеті былай деп жазды: бұл келісім Уругвайдың жасаған осы сияқты басқа келісімдерінен «ұлттық мүдделер үшін қолайлырақ». Совет Одағы сатып алу арқылы Уругвай өнімдері экспортының бағасын бірқалыпты сақтауға көмектесті.

«Аксьон» газеті ССРО мемлекеттік банкімен төлем туралы келісім «біздің экономикалық мүмкіншіліктерімізді қолдау және қорғау. . . шаралары» деп есептейді.

«Хустисиа» газеті басмақаласында ССРО мемлекеттік банкімен келісімге қол қойылуы Уругвайда «ынталы назар аударушылық» туғызды деп атап көрсетті. Газеттің айтуына қарағанда, келісім фабрикаларда, кәсіподақтарында, кәсіпкер топтарда және әртүрлі органдардың баспасөздері беттерінде кеңінен талқыланып жатыр.

БИРМА АГРЕССИЯЛЫҚ БЛОК ҚҰРУ ТУРАЛЫ КЕЛІССӨЗДЕРГЕ ҚАТЫСУДАН БАСТАРТТЫ

ЛОНДОН, 5 август. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің хабарынан байқалғанындай, Бирманың премьер- министрі У Ну АҚШ ұсынған Оңтүстік -Шығыс Азия үшін договор мәселесі бойынша сентябрьде шақырылатын конференцияға Бирма үкметінің қатысудан бастартатындығын Цейлон үкметіне телеграф арқылы хабарлаған. Телеграмма Цейлонның премьер- министрі Коталавалдың хатына жауап ретінде жіберілген, Коталавал Коломбодағы кеңеске қатысушы елдерге —Индияға, Индонезияға, Пакистанға және Бирмаға осы ұсыныс жөнінде өздерінің пікірлерін айтуды ұсынған болатын.

АҚШ КОРЕЯДАҒЫ УАҚЫТША БІТІМ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДІ БҰЗУДА

ПЕКИН, (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Кәсоннан берген хабарында, былай делінген.

Уақытша бітім жөніндегі соғыс комиссиясы секретарьларының 2 августағы мәжілісінде корей-қытай жағы американ самолеттерінің Кәсон ауданының әуе шекараларына өтуіне қарсы батыл наразылық білдірді.

Оңтүстік-Шығыстан ұшып келген американ соғыс самолеті 1 августа 12 сағат 25 минутта уақытша бітім жөніндегі соғыс комиссиясындағы делегациясының кеңесі орналасқан Кәсон маңындағы аймақтағы әуе шекараларына өтті, одан кейін Шығысқа бұрылып, уақытша бітім жөніндегі соғыс комиссиясының штаттарын орналасқан аймақтың әуе шекарасына өтті. Самолет Муньсаньға қарай ұшып кетті.

Американың соғыс самолеттері июльдің 15-нен 27-не дейін корей-қытай жағы бақылайтын ауданның әуе шекарасынан бір неше рет өтті.

Корей-қытай жағының өкілі американ жағына уақытша бітім туралы келісімді қатаң сақтап, мұндай шекара бұзушылықты қайталауға жол бермеуі тиісті екендігін көрсетті.

...ның ресми топтары Мароккодағы өршіген

талап етілген.

Президент Эйзенхауэрдің баспасөз конференциясында сөз сөйлеуі

ВАШИНГТОН, 5 август. (СОТА). Кеше кезекті баспасөз конференциясында АҚШ-тың президенті Эйзенхауэр журналистердің сұрақтарына жауап бере келіп, атап айтқанда атом қуаты туралы совет-американ келіссөздеріне тоқталды. Эйзенхауэр американ ұсыныстарын (президент Эйзенхауэрдің 1953 жылғы 8 декабрьде жасаған ұсынысы жайында айтылып отыр) Совет Одағы ұнатып қарсы алмады-мыс дегенді айтты.

Жұртқа мәлім, Совет Одағы атом қуатын пайдалану жөнінде келіссөздер жүргізуге толық әзір екендігін білдірген болатын және бұған қоса келісімдерге қатысушы мемлекеттер атом және сутегі қаруларын, сонымен бірге жаппай қырып-жоятын басқа да қаруларды қолданбау жөнінде өздеріне міндеттемелер алатын болсын деген пікір айтты.

Эйзенхауэр Қытай Халық Республикасына көзқарас жөніндегі мәселедегі АҚШ-тың позициясын тағы да қостады. Ол Құрама Штаттар кәзіргі кезде «Қытай Халық Республикасын өзінің қандай да болмасын даусы болатын қандай да болсын ұйымға кіруіне жол бермейді» деп мәлімдеді.

Гватемала трагедиясы

Интервенцияны, сол сияқты, Гватемаладағы әскери төңкерісті «Юайтед фрут» компаниясының тапсырмасы бойынша американ дипломатиясы мен разведкасы ұйымдастырғанына кәзір дүние жүзінде ешкім күмәнданбайды. Американың Гватемаладағы осы екі қызмет орнының жүргізген ең соңғы арсыздық әрекеті —Гватемала халқына опасыздық жасаған Армас пен Монсонды бір-бірімен кездестіру үшін Американың Гватемаладағы елшісі Перифуаның Сальвадорға баруы, сонан соң Армасты елге «Президент» қызметін алу үшін АҚШ елшілігінің самолетімен Гватемаланың астанасына жеткізу болды.

АҚШ-тың мемлекеттік секретары баспасөз өкілдерінің кезекті конференциясында Гватемалада өкмет билігін басып алған топ «өзінің халықаралық міндеттемесін орындай алады» деген сенім білдірді.

Гватемала қаласында болған баспасөз өкілдерінің конференциясында сөйлеген осы топтың өкілі АҚШ-тың мемлекеттік секретарының қандай «халықаралық міндеттемелер» туралы айтқандығын түсіндірді. Ол былай деп мәлімдеді: Гватемаланың жаңа «үкметі» Совет Одағымен және халықтық демократия елдерімен қарым- қатынас жасамауды ұйғарды, сонымен қатар быйылғы жылы өткен соғыс панамерикан конференциясында АҚШ ұсынған антикоммунистік қарарға қол қоюды ұйғарды. Гватемаланың «үкметі», деп мәлімдеді ол, —батыс державаларымен келісім қыймыл жасайтын болады. Ішкі проблемаларға тоқтай келіп, әскери топтың өкілі былай деп мәлімдеді: шетелдердің қаржы салуын үкмет қуттықтайды, «шын мәнінде, демократиялық үкмет болуын» қамтамасыз ету үшін кәзірдің өзінде- ақ күші тоқтатылған конституцияны қайта қарайды.

Өкмет билігін басып алған Армастың әскери тобы өздерінің қожаларына адалдығын сөзбен емес, іс жүзінде көрсетіп келеді. Ол аграрлық реформа туралы заңның күші жойылғандығын жариялады, бұл заң бойынша Американың «Юнайтед фрут» компаниясынан және басқа ірі жериеленушілерден тартып алынған жер-жұмыссыздық хаупі төнуде көрінеді. Фирма Қытай Халық Республикасы үшін паровоздар шығаруға келісім білдірген. Алайда, ағылшын өкмет орындары АҚШ қысымының нәтижесінде орнатылған шек қоюларға сүйеніп, Қытайға локомотивтерді шығарып сатуға фирмаға рұқсат беруден бастартқан.

ИНДОНЕЗИЯНЫҢ ИНФОРМАЦИЯ МИНИСТРІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ДЖАКАРТА, 5 август. (СОТА). Бүгін газеттерде Индонезияның информация министрі Тобингтің мәлімдемесі жарияланды. Мәлімдемеде былай делінген: Оңтүстік-Шығыс Азия шартына қосылу туралы АҚШ-тың ұсынысын Индонезия үкметі қабылдамайды, өйткені «мұның өзі бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтауға бағытталған біздің бейбітшіл сыртқы саясатымыздың принциптеріне қайшы келеді». Тобинг Индонезияның қандай да болсын соғыс блогіне қатысқысы келмейтіндігін атап көрсетті. Біздің еліміз, деді ол, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті қорғауға бұдан былай да белсене қатысатын болады.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӨҢІЛДІ ЖҰЛДЫЗДАР»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30 -да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«САДКО»

Сағат 4-те басталады.

Петропавлдың ет комбинатына түпкілікті және уақытша жұмысқа құрылысшы инженер, қойма меңгерушісі, жүк тиеушілер және түрлі жұмысшылар керек. Сол сияқты, мұнда мал союшылар даярлайтын бірайлық курсқа оқушылар алынады. Курсқа кемінде 18 жастағы ерлер алынады. Оқушыларға айына 300 сом стипендия төленеді. Жеке бастылар қатаңханамен қамтамасыз етіледі.

Түсінік алу үшін ет комбинатының кадр бөліміне келіп жолығуға болады.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Главрыбторг» мекемесі 1954 жылғы 5 июльдегі № 788 бұйрыққа сәйкес осы жылғы 2 августан бастап Петропавлдың «Горсмешторг» мекемесіне беріледі.

Шағым- арыздар осы жылғы 15 августқа дейін қабылданады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02082

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.